



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

5 маусым, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

3 Қалада 10 санақ учаскесі ашылды



5 Балға соғып, болат балқытқан



8 Жаңа кондитер орталығы



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



5 МАУСЫМ

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы Президенті БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасы тұрақты өкілдігін құру туралы Жарлыққа қол қойды. БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының тұңғыш тұрақты өкілі Қазақстан тарихындағы тұңғыш елші әйел, көрнекті дипломат Арыстанбекова Ақмарал Хайдарқызы болды.
- 1993 жылы республикалық көркемөнер колледжі мен Алматы мемлекеттік театр-көркемөнер институтының базасында Қазақ мемлекеттік көркемөнер академиясы және Т.Қ.Жүргенов атындағы театр және кино институты құрылды.
- 1998 жылы Астанала Қажымұқан атындағы Орталық стадионның ашылу рәсімі болды.
- 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданында Бәйдібек баба мен Домалақ ана, қасиетті Бес ана (Мара-Сары бәйбіше, Зеріп, Жұпар, Қарашаш, Сыланды) кесенесінің ашылу рәсімі өтті.
- 2010 жылы Қазақстан өзінің бүкіл көрме тарихында алғаш рет «Expo Shanghai-2010» дүниежүзілік көрмесінде «Астана - Еуразия жүрегі» атты көлемі 1,5 мың шаршы метрлік ауқымды павильон салды.
- 2017 жылы Елордала баламалы энергияның жана көзі пайда болды. Smart flower жүйесі күн шуағын электр қуатына айналдыруға мүмкіндік береді.

6 МАУСЫМ

- 2012 жылы қазақстандық зерттеушілер тобы «Шетелдегі казактардың өнері» жобасы аясында Өзбекстанда экспедиция өткізді.
- 2012 жылы Халықаралық банкнот қоғамдастығы (IBNS) байқауының қорытындысы бойынша «10 000 теңге» банкноты 2011 жылдың үздік банкноты атанды.
- 2016 жылы Монте-Карлода велосипед өндірушілердің әлемдегі ең беделді көрмелерінің бірі LIKE BIKE 2016 көрмесі болды. Онда Қазақстан VINO брендин ұсынды. Оны брендин негізін қалаушы, Олимпиада чемпионы Александр Винокуровтың өзі таныстырды.
- 2016 жылы Американың Мэриленд штатында қазақ тілінің сенбілік курсы ашылды. Бұл Қазақ-америкалық қауымдастығы мен АҚШ-та тұрып жатқан қазақ диаспорасының қолдауының арқасында жүзеге асты.
- 2017 жылы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан мен Қытай елдері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 25 жыл толуына орай, «Көркікті Қазақстан - көркем Қытай» фото-көрмесі ашылды.

БАСПАСӨЗ – 2021

Құрметті оқырман

2021 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.



● ПРЕЗИДЕНТ

БҰҰ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев видео конференция режимінде БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесу өткізді.

Келіссөз барысында Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымымен арадағы ынтымақтастығының басым бағыттары талқыланды. Пандемияға және климаттың өзгеруіне қарсы күреске, сондай-ақ, өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күш жұмылдыруға ерекше назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Гутерриштің БҰҰ басшысы лауазымына екінші мерзімге ұсынған кандидатурасын Қазақстанның қолдайтынын нақтылады.

2-бет

● ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ



КӨЛІК БАҒАСЫ КӨККЕ ҰШТЫ

«Сатсаң төмен, алсаң қымбат». Автокөліктерге айтылған бұл тіркес қазіргі жүргізушілердің ұранына айналғандай. Жанасы тұрмақ, ескісін алудың өзі жыр. Себебі баға аспандап, көліктер ақысы көкке ұшқан.

Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Дәуірінде сұраныстан түспеген Reno Duster автокөлігі 2015 жылы 4 млн теңгеге жетпес сомада саудаланған еді. Ал қазір 8 миллион теңгеден асып жығылды. Өткен жылы ғана жаңа Nissan Qashqai 12 миллион теңге тұрса, биыл 16 миллион теңгеге жетпек сынайды. Мұндай мысалды көптеп келтірсек болады. Темір тұлпарлардың сатылымдағы құнын білу үшін Қызылордадағы автобазарға бардық. Халықтың сөзінше, көлігін сатам деушілер, бағаны бір-біріне қарап қоятындай ұқсайды.

Көлік саудалауға келген тұрғындардың бірі жүріп тұрған, жылытап тұрған автокөлікті 1,5 млн теңгеден төменге табу мүмкін емесін айтты. Айтуынша, баға екі есе өсіп кетті. Автосалоннан шығып жатқан көліктердің де бағасы соңғы жылдары екі есе қымбаттаған. Отандық көліктердің орташа бағасы 7,5 млн теңге.

Автобазардағы қолданыста болған көліктер бағасын сұрап білген едік. Ескі Mitsubishi Galant – 850 мың теңге, ескі Volvo 1,5 млн теңге, Datsun – 2,65 млн теңге, Mercedes-Benz W124 – 1,4 млн теңгеге сатылымда тұр. Ал, Dae-woo Nexia (2010 ж.) орташа бағасы – 1,3 млн теңге. Мұндағы бірден көзге ұратыны – барлығы дерлік әбден ескірген көліктер. «Ескіні алмасқа амал жоқ. Жананы алуға қалта көтермейді, қаржы жетпейді» дейді көлік саудалауға келген жүрт.

Жүргізушілердің сөзінше, бағаның қымбаттауы өзге елден көлік әкелудің машақаты көптігінен. Сондықтан ел ішінде жүрген ескі көліктер бағасы жыл санап артып жатыр.

– Айталық, шетелден қозғалтқыш күші ең аз көлік алдыңыз. Келген бойда кедендік алым төлеп, рәсімдеу керек болады. Одан соң Кедендік Одақ талаптарына сай міндеттенген Euro 5 стандартына сәйкес келетіндігін дәлелдейтін сәйкестік сертификатын

алу қажет. Олай болмаған жағдайда, көлікесепке қойылмайды. Бұдан кейін мамандандырылған ХҚКО-ға барып нөмір алмастан бұрын утиль алымын төлеу керек. Бұдан бөлек нөмір мен көлік құралын тіркеу куәлігі үшін де алым қарастырылған, – дейді сырттан көлік әкелудің қиындықтарын өз басынан өткерген қала тұрғыны Талғат Махамбетәліұлы.

Оның айтуынша, Еуразиялық Одақтан тыс шет елдерден келетін көліктер маркасынан гөрі екі негізгі параметр бойынша рәсімделеді. Біріншісі – шыққан жылы. Басқаша айтқанда, көлік неғұрлым жаңа болса, оған төлер алым соғұрлым арзан болады. Екінші параметр – қозғалтқыш көлемі. Талап бойынша, қозғалтқыш көлемі неғұрлым кішкентай болса, соғұрлым аздау алым төленеді.

Қорыта айтқанда, осы алғын-шығынның барлығын төлеген соң, сырттан әкелген көліктің өз бағасына кемінде 1-1,5 млн теңге үстеме қосылады екен. Сондықтан көпшілігі ресейлік арзан көлік алуға тырысады. Кейбір кісілер бір емес, бірнеше көлік кіргізіп, нәпақа табуға асығады. Өйткені сырттан келген жеңіл көлікке утилизация алымын төлеудің қажеті жоқ. Заң бойынша машинаның иесі болмасаң да, халықаралық қозғалыста жүрген көлікке сақтандыру қағазының өзі жеткілікті. Сақтандыру бағасы 22 мың теңге. Қазір облысымызда ресейлік көліктер қаптап жүр. Мысалы, 1998 жылы шығарылған ресейлік тіркеудегі Toyota Camry автокөлігі автобазарда 2,25 млн теңгеге саудалануда. Ал, Қазақстанда тіркелгені 6 млн теңгеге бағаланған.

Негізгі жеке қолданыс үшін шетелде тіркеуде тұрған көлікті елімізге әкелген азамат жыл сайын 30 тәулікке мемлекет аумағынан шығаруы керек. Әйтпесе қазақстандық номер тағуға

тура келеді. «Жол жүрісі туралы» заңның 63 және 65-бабына сәйкес талап сондай. Заңға сәйкес, ел азаматтары шетелден әкелген жеке көлігін он күн ішінде тіркеуге қоюы керек. Бұл халықаралық қозғалыстағы көліктерге қатысты емес. Олар «Жол жүрісі туралы» заңның 65-бабына сәйкес бір жылға дейін жүруге ғана мүмкіндігі бар. Бірақ мұны ешкім қадағалап жатқан жоқ. Тұрғындар заң талабын біле тұра, арзан көлікті тізгіндеуге асығуда.

Халықаралық қозғалыстағы автокөлік иелері – шетел азаматтары. ҚР азаматтары оны сенімхат арқылы басқарады. Оларға қойылатын талаптар – жүргізушілер көлік құралын тіркеу куәлігін (техпаспорт), мемлекеттік тіркеу нөмірін, сонымен қатар мемлекеттің айрықша белгісі мен көліктің техникалық байқаудан өткенін растайтын құжаттары болуы керек. Бейресми дерекке сәйкес, ел аумағында шетелдік тіркеумен жүрген көліктер саны 200 мыңнан асады. Бұл көрсеткіште өніріміздің де үлесі бар.

Тағы бір алаңдатарлық мәселе – бейресми дерек бойынша тиісті бақылаудың жоқтығынан ресейлік есептен шығарылған он мыңға жуық көлік елімізде жүр. Басқаша айтқанда, еш жерде тіркелмеген, «ауада қалқып тұрған» көлік көбейіп барады. Бұл көліктермен жол-көлік оқиғалары орын алса немесе біреудің мүлкі зақымдалса, кінәліні анықтаудың өзі қиындық туғызуы мүмкін. Өйткені көліктің иесі жоқ.

Бұл ретте ескеретін жағт көлік бағасы арзандаған емес. Мұнымен де тұрақтанып қалмайды. Сарапшылар быыл да 15-20 процентке қымбаттауы мүмкін екенін болжап отыр. Қазір жана импорттық көліктер ең азы 17 проценттік мөлшерлемен несиеге беріліп жүр. Бірақ несиеге көлік алу жұрт үшін тиімсіз. Көлік жүре бастаған күнінен-ақ бағасын жоғалта береді. Елде құрастырылып жатқан көліктерде де жаппай сұраныс байқалмайды. Қымбатшылық салдарынан ескі көліктер көбейіп, жанаға қол жеткізу күннен күнге қиындап барады.

● 5 МАУСЫМ – ЭКОЛОГТАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ЖЕР-АНАНЫҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ

Экология, қоршаған ортаны қорғау туралы көп айтамыз. Дегенмен, бұл тақырыпты сөз етудің өзі терең білімді қажет етеді. Облыстық экология департаментінің зертханалы-талдамалы бақылау бөліміне барып, бұған тағы бір мәрте көзіміз жетті. Айталық, өндіріс орындарынан зиянды қалдықтар бөлінеді. Оның қоршаған ортаға залалы қандай екенін эколог мамандар ғана шамалай алады.

Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Бөлімдегі аккредиттелген лаборатория ластандырғыш заттарға сараптама жасайды. Өндіріс орындарына барып, санитарлық қорғау аймағынан топырақтың, судың сынамасын алады. Бір сөзбен, су көздерінен, топырақтың

ластануы, атмосфералық ауа, өндірістік шығарындылар, радиациялық қауіпсіздік, автокөліктен шығатын газдардың шығарындыларына талдау жүргізілетінін бөлім басшысы Венера Мұстаева атап өтті.

3-бет





БҰҰ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Тараптар Ауғанстандағы ахуалға байланысты өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесін жан-жақты қарастырды. Мемлекет басшысы Ауғанстанға көрсетілетін көмекті жалғастыруға дайын екенін және сол елдегі тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған халықаралық іс-қимылдарға атсалысатынын айтты. Бұл ретте, БҰҰ Бас хатшысы аталған үдерісті ілгерілетудегі Орталық Азия мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстанның айрықша рөлін атап өтті.

1-бет

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысына коронавирусқа қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар, оның ішінде, QazVac отандық вакцинасының әзірлемесі туралы мәлімет берді. Сондай-ақ осы жылдың соңына дейін халықтың 55 процентке еспе салу жоспарын жеткізді. Антониу Гутерриш коронавирус індетіне қарсы қазақстандық вакцинаның әзірлемесін және жаппай екпе салу науқанының табысты жүргізіліп жатқанын құптады.

БҰҰ Бас хатшысы теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер

тобына кіретін мемлекеттердің мүддесін қорғауға бағытталған Қазақстанның бастамасын құптады. Бұл, әсіресе, пандемия салдарынан туындаған дағдарыс кезінде өзекті болып отыр.

Қазақстан Президенті биылғы қараша айында Глазгода өтетін COP26 дүниежүзілік климат конференциясына қатысуға ниетті екенін жеткізді. Аталған жиын барысында 2060 жылға қарай Қазақстанның көміртегінен ада ел болуға қол жеткізу жөніндегі жаңартылған ұлттық шаралары жарияланады.

Антониу Гутерриш Қазақстанның ядролық қаруға қарсы жаһандық мәселені ілгерілетудегі көшбасшылығын жоғары бағалады. Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысын Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай тамыз айында елімізде өткізілетін халықаралық конференцияға шақырды.

Өңгімелесу соңында тараптар ортақ мүддені көздейтін ауқымды мәселелер бойынша жалалатын тығыз байланыстарды жалғастыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді.

РӘМІЗДЕР – ЕЛДІКТІң АЙБАРЫ

Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Қазпочта» АҚ облыстық филиалында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» атты тақырыпта салтанатты шара өтті.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Оған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, филиал директоры Аида Әбибуллаева, еңбек ардагерлері, филармония өнерпаздары және сала мамандары қатысты.

Алдымен шарада Мемлекеттік Ту әкелініп, Әнуран шырқалды. Мұнан кейін облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз алып, Мемлекеттік рәміздер – бұл ескі келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас атрибуттарының бірі екенін айтты.

– Бүгін еліміз, елдігіміз, тәуелсіздігіміз үшін маңызды – Мемлекеттік рәміздер күні. Бұл – әр елдің шынайы мемлекет екенін білдіретін айшықты белгілер. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Жарлыққа қол қойды. 2007 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні бекітілді.

Сондықтан біз елдігіміздің белгілерін мақтан тұтып қана қоймай, құрмет көрсетуді өзімізден, отбасынан бастауымыз керек. Бұдан біздің ұлттық құндылықтарымыз қалыптасып, беки түседі. Ұлттық рухымыз, жігеріміз, намысымыз қайралады. Қазақстан Республикасының Туы екі жағдайда ғана халықаралық деңгейде көтеріледі. Ол – Мемлекет басшысының ресми іссапары кезінде және спортшылардың жеңіс тұғырына көтерілгенде. Сондықтан Әнуранымыз көкте шырқалып, Туымыз тұғырынан түспесін, – деді облыстық мәслихат хатшысы.

Еңбек ардагері Сәпен Аңсатов Қазақстанның қол жеткізген барлық табысының кайнар көзі Тәуелсіздік екенін атады. Отанымыздың ұлттық мақтанышы Мемлекеттік рәміздер екеніне тоқталып, жылы лебізін білдірді.

Салтанатты кеш барысында филиал директоры Аида Әбибуллаева мерекеге орай бірқатар сала қызметкерлерін Цифрлық даму, инновациялық және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің «Құрмет» грамотасымен, «Қазпочта» АҚ басқарма төрағасы Қанат Алпысбаевтың Алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ екі қызметкер «Үздік байланысшы» төсбелгісін кеудесіне тақты.

Шара соңында облыстық филармонияның өнерпаздары патриоттық әндер шырқаса, №253 қазақ орта мектебінің 6 - сынып оқушысы Бауыржан Бірлікбек-ұлы мерекеге арналған жыр шумактарын оқыды.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Әлем чемпиондарына құрмет



Суреті түсірген Бағдат Есмаханов

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпиондары Рахат Бекболат пен Айсамал Сансызбаеваны қабылдады.

Жүздесуге облыстық ауыр атлетика федерациясының президенті Темірхан Кенжебаев, 4 дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Арман Абдраев қатысты.

Қос саңлақ 23-31 мамыр аралығында Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында ауыр атлетикадан 20 жасқа дейінгі жастар арасында өткен Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді.

Жүздесу барысында аймақ басшысы Сыр саңлақтарының дүниежүзілік дүбірлі дода төрінде ел абыройын асқақтатып, көк туын биікте желбіреткенін айрықша атап өтті. Оларды толағай табысымен құттықтап, игі тілегін арнады.

– Мемлекеттік Ту тек екі жағдайда көтерілетінін білесіздер. Ол ел Президентінің шетелге іссапары және әлемдік аренада спортшылар жеңіске жеткенде Ту

көтеріліп, Әнуран шырқалады. Көк тудың көкке көтеріліп, желбіреуі – біздің еңсеміздің көтерілуі, спортшылар мәртебесінің артқандығы деп білемін. Жеңіс еңбексіз келмейді. Спортшыларымыздың үздіксіз жаттығып, жарысқа жауаптылықпен қарауы, жаттықтырушылардың дайындық процесін дұрыс ұйымдастыра білуінің арқасында осындай жетістікті бағындырып отырмыз, – деді облыс әкімі.

Айту керек, бұдан бұрын да Рахат пен Айсамал Перудің Лима қаласында онлайн форматта өткен Әлем кубогында жеңімпаз атанған болатын.

Кездесу барысында белгілі спортшысы Илья Ильин жастардың ауыр атлетика бағытына деген қызығушылығы жоғары екенін атап өтіп, командалық жұмыстың үйлесімді түрде дамып келетінін жеткізді. Ал облыстық ауыр атлетика федерациясының басшысы Темірхан Кенжебаев ынталы жастардың жетістіктерін, өңірде спорттың бұл түрінде үлкен мектеп қалыптасқанын айтты.

– Кейінгі жылдарда облыста ауыр атлетика бағытына дамып келеді. Шөкірттеріміздің тамаша өнері – облыс үшін мақтаныш. Бұл орайда облыс басшылығы, федерация тарапынан лайықты қолдау көрсетіліп келеді. Бізге демеу көрсеткен барша азаматтарға алғысымызды білдіреміз, – деді Арман Абдраев.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қос спортшыға сый-сияпат беріп, қаржылай сыйақы табыстап, ыстық ықыласын білдірді.

«СБ» ақпарат

ЕЛДІКТІң ДАСТАНЫНДАЙ

Мемлекеттік Рәміздер күніне орай облыстық мемлекеттік архивінде «Ел рәміздері – ел рухы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда рәміздер туралы жан-жақты ақпарат бере отырып, жас ұрпақтың бойында елдіктің ерек танбасына деген құрмет пен ұлттық рухты қалыптастыруға мән берілді.

“Nur Otan” партиясы облыстық, қалалық филиалдары, облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты тілдерді оқыту орталығы, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесі, Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы, колледж студенттері мен мектеп оқушылары қатысқан шара жастардың көңіліне жақсы әсер ұялатты.

Жиында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Әбілдаев қатысушыларды мерекемен құттықтап, Мемлекеттік рәміздер халқымыздың қаһармандығы мен даналығын айқындап, болашаққа деген арман, тілегін жеткізетін ерекше маңызды белгілер екенін атап өтті. Сонымен бірге, ұлттық ұстанымды танытатын маңызды тақырып аясында ашық пікірлесуге шақырды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының кеңесшісі Ержан Уайс бұл мерекеңің өзіндік



ерекшелігіне тоқталып, еліміздің әр азаматы рәміздерді құрметтеу арқылы Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін сұғынатынын айтты.

Жиында Л.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің студенті Дәулет Махамбетжан «Мемлекеттік Рәміздер – Тәуелсіздікті біріктіруші қасиетті образ», Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің тарихшы мұғалімі

Сымбат Жұмабеков «Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз», облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Ләззат Ортаева «Тарихтан туған рәміздер» тақырыптарында баяндама жасады.

Ал Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы М.Кенжебекова М.Дулатовтың «Туған жер» өлеңін оқыды. Қатысушыларға Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Ел рәмізі – ұлт рухы» тақырыбындағы кітап көрмесі таныстырылды.

«СБ» ақпарат



Саз аспаптары сұраныста

Қызылорда. Қала тұрғыны қазақтың ұлттық аспаптарын жасап шығаруда. Біржан Діланов 2019 жылы жобасын «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына ұсынып, қолдау тапты.

Нәтижесінде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 14 млн теңге қаражат иемденді. Бұл қаржыға кәсібін дамытты. Бүгінде ол «Жетіген саз аспаптары» шеберханасында 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Шебер аспаптарға сұраныстың жоғары екенін, өнерпаздарды қажетті музыкалық аспаптармен қамтамасыз етіп келе жатқанын айтты.

Мәселелерін тыңдады

Арал. Аудан әкімі Серік Сермағамбетов Сексеуіл кентінде болып, ауданның құрметті азаматы Бөлекбай Бектұрғанов бастаған ардагерлермен, жергілікті тұрғындармен кездесті.

Кездесу барысында кентте ілкімді істер, толайым тірліктер атқарылып жатқанын тілге тиек еткен ауыл үлкендері биылғы қуаңшылық салдары біршама әуреге салып отырғанын жеткізіп, «көгілдір отынның» игілігін қашан көретіндерін сұрады. Өңірдегі қуаңшылық мәселесінің жағдайына қанық аудан әкімі бұл бағытта шұғыл шаралар қабылданып, тиісті жұмыстарды атқару қолға алынғандығын айтты. Газ желу жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Аудан әкімі бірқатар нысандарды аралап, кенттің тыныс-тіршілігімен танысты.

«Қазалы» конфеті жаңа қаптамада

Қазалы. Кәсіпкер Фатима Қазбергенова ауданның бренді саналатын «Қазалы» конфетін жаңа қаптамамен шығаруда. Онда ғасырдан астам тарихы бар Қазалының теміржол вокзалы бейнеленген.

Қазалы қаласындағы конфет цехына арнайы келген аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа жеке кәсіпкер өзінің кәсібі туралы жан-жақты айтып берді. «Қазалы» кәмпіті өнімдерін шығаратын цех – аймақтағы тәтті шығаратын автоматтандырылған жалғыз кәсіпорын. Қазір цехта конфеттің 8 түрі шығарылууда. Бүгінде «Соломка», «Барбарис», «Маусым», «Қазалы» кәмпіттеріне сұраныс жоғары. Цехта 7 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген.

Рәміздер алаңы салынады

Қармақшы. Аудан әкімі Мұса Қалдарбеков Жосалы кентінде жаңадан салынатын рәміздер алаңының құрылыс барысымен танысты.

Жосалы кентінің әкімі мен сала басшылары құрылыс жұмысы туралы аудан басшысына егжей-тегжейлі айтып берді. Мұса Оспанұлы тиісті сала басшыларына белгіленген жұмыстардың уақытылы әрі сапалы орындалуы тиіс екенін тапсырып, оның барысы бақылауында болатынын жеткізді.

Мұнан кейін аудан әкімі Сырдария өзенінің жағасындағы кентке аяқсу беретін жаңа насостар жұмысын көрді. Кент әкімі Ш. Сыдықов аяқсу мәселесіне байланысты атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен баяндады.

Аллея ашылады

Жалағаш. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күніне орай аудандағы Рәміздер алаңында «Рухымыз айнасы – Рәміздеріміз» атты салтанатты жиын өтті.

Салтанатты жиында аудан әкімі Асылбек Шәменов жалағаштықтарды атаулы мерекемен құттықтап, лебізін білдірді.

Шарада көркемөнерпаздар патриоттық әндер шырқалды. Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тарту ретінде Жалағаш кентіндегі Дәуімбай елді мекеніне аудандық бюджеттен 69 млн теңге қаржы бөлініп, Рәміздер аллеясын салу жоспарлануда. Ол 30 тамыз – Конституция күніне орай ашылмақ.

Тұрғындармен кездесті

Сырдария. Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев Бесарық ауылында болып, елді мекеннің тыныс-тіршілігімен танысты.

Жұмыс сапары барысында ауылдық округте орналасқан әлеуметтік нысандарды аралап, дәрігерлік амбулатория, мектеп, мәдениет үйінің жұмысын көрді. Сонымен қатар ауыл активімен кездесіп, негізгі мәселелерін тыңдады. Айтылған мәселелерге орай тиісті сала мамандарына тапсырма берді. Сондай-ақ ауыл тұрғындарымен әрқашан байланыс орнатып, халықтың өтініш, пікірлерін ескеріп отыруды тапсырды.

Мәжіліс

Шиеді. Аудан әкімі Қамбарбек Мұбаракөвтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілісте қаржының игерілуі, салық түсімі және Ұлттық халық санағының бірінші кезеңінің өту барысы жөнінде, коронавирустың алдын алу және тұрғындар арасында екпе салуды кеңінен насихаттау мәселесі қаралды. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу жұмыстары, мемлекеттік бағдарламалар бойынша несиелендіру барысы талқыланды.

Аталған мәселелерге байланысты аудан әкімі Қ.Мұбаракөв тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді.

Жастар марафоны

Жаңақорған. Аудандық ішкі саясат бөлімі жанындағы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Көк тудың желбірегені» атты ерікті жастардың марафоны өтті.

Марафон орталық стадионнан бастау алып, Б.Байкөжеев, А.Накипов, А.Иманов көшелерімен Орталық алаңдағы Рәміздер аллеясына дейін жалғасты. Мұнан кейін аудан әкімі Руслан Рүстөмов Мемлекеттік рәміздерді қолдану мен пайдалану ережелерін сақтауда үлгі көрсетіп жүрген бірқатар қызметкерлерді Алғыс хатпен марапаттады.

Жас мемлекеттік қызметшілер ант қабылдап, мерекелік шарада патриоттық әндер шырқалды.

«СБ» ақпарат

7 МАУСЫМ – МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



Биыл Қазақстан өз тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осы жылдар ішінде еліміз сындарлы, сынақты жолдардан өтті. Экономикасы мығым, халықаралық қауымдастық мойындаған елге айналды. Тәуелсіздіктің нығайып, еліміздің әлемдік өркениетке қадам басуына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі айрықша болды. Алғашқы күннен бастап нарық экономикасының жаңа құрылымдарын құруға айрықша мән берді. Соның айғағы ретінде, 1991 жылғы 7 маусымда Қазақ КСРО Президентінің Жарлығымен еліміздің алғашқы монополияға қарсы ведомствосы – Қазақ КСР Мемлекеттік комитеті құрылды. Жаңа ведомство «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» Қазақ КСР Заңын тиімді іске асыру үшін жасақталды.

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЕЛДІК МҰРАТҚА АЙНАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында бәсекелестік елдің ұлттық идеясы болып айқындалды. Үкімет қаулысымен 7 маусым – монополияға қарсы орган қызметкерлері күні болып жарияланды.

Елбасы «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын ұсынды. Осы жоспардың қадамдарының бірі ретінде монополияға қарсы қызметтің жұмыс тұжырымдамасын өзгерту және оны экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының стандарттарына сәйкес келтіру қажеттілігін айқындады. Бұдан басқа «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында монополияға қарсы қызметті күшейтудің маңызын және еркін әрі салауатты бәсекелестік үшін жағдай жасау шеңберінде реформалар жүргізу қажеттігін атап өтті. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін бәсекелестікті қорғау саласындағы ҚР заңнамасын экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының стандарттарына сәйкес келтіру бойынша екі кезеңдік тәсіл туралы шешім қабылданды.

Биылтыр Мемлекет басшысы Жарлығымен Президентке тікелей есеп беретін жаңа Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі құрылды. Жаңа агенттіктің негізгі міндеті – бәсекелес орта құру, бұл экономиканы мемлекет иелігінен алуды, бәсекелестік алаңды өзгерту, барлық кәсіпкерлер үшін тең мүмкіндіктер жасауды, нарықтарды монополияландыруды тоқтатуды білдіреді.

Қазір департаменттің талдау және тергеп-тексеру бөлімдерінде 8 мемлекеттік қызметші жұмыс атқарып келеді. Көпшілік монополияға қарсы органның басты атқаратын функцияларынан жөне міндеттерінен бейхабар болғандықтан, негізінен нарықтағы өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағаларын белгілейді деп ойлайды. Шын мәнінде негізгі мақсат – ол ел аумағындағы тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуін қолдау және қолайлы жағдайлар жасау, монополистік қызметті реттеу және шектеу, адал бәсекелестікке жәрдемдесу, бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама бұзудың алдын алу және жоюсыз бәсекелестіктің жолын кесу.

Биылтыр қараша айынан бастап әкімшілік, экономикалық және өзге де кедергілерді анықтау мен жою, бәсекелі нарықтық экономиканы қалыптастыру мақсатында департамент жанында құрылған, консультативтік-кеңесші орган – кедергілер жөніндегі кеңес тұрақты түрде жұмыс атқарып келеді. Қазіргі уақытқа дейін қаз тарату жүйесіне техникалық қызмет көрсету барысындағы, дәрі-дәрмекті көтерме және бөлшек саудада өткізу нарығындағы, қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасымалдау барысындағы, мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалға бе-

рудегі тосқауылдар бойынша кеңестің 7 отырысы өткізілді. Отырыстардың бірінде қалалық әкімдікке қарасты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және жолаушылар тасымалы бөлімі тарапынан қалаішілік маршруттар бойынша конкурстар өткізу кезінде жеке кәсіпкерлерге өз автобустарында (шағын микроавтобустарда) электрондық билеттеу орнату күштеп танылып отырғаны анықталды. Заң бұзғандарға тиісті шара көрілді. Монополияға қарсы орган мемлекеттің кәсіпкерлік ортаға қатысу заңдылығын қарайды, яғни, қандай да бір мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік заңды тұлғалар жаңадан құрылатын немесе қызмет түрлері кеңейтілетін жағдайда монополияға қарсы органның келісімі арқылы жүзеге асырылады.

Мысал ретінде алатын болсақ, соңғы жылдары жергілікті атқарушы орган облыс аумағындағы жас буын өкілдеріне медициналық көмек көрсетумен айналысатын Жастар денсаулық орталығы мемлекеттік кәсіпорнын құруға бірнеше рет өтініс-хатпен шыққан. Алайда, кәсіпорынның атқаруға жоспарлап отырған қызмет түрлері нарығының дамуы жоғары болғандықтан, бәсекелестікті шектеуді болдырмау мақсатында бұл кәсіпорынның құрылуына келісім беруден бас тартылды. Мемлекет басшысы шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерге мораторий енгізді. Осыған орай, департамент жүргізетін тергеп-тексерулер саны өткен жылдармен салыстарғанда айтарлықтай төмендеп отыр.

Дегенмен, департамент орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын күзет саласындағы «Шериф-Н» ЖШС және «Күзет қызметі Памир» ЖШС бәсекелестікке қарсы заңсыз келісімдер жасағаны, орта кәсіпкерлік субъектісі – «Қорқыт ата» әуесжайы» АҚ-ны әуе отынын сату барысында монополиялық жоғары бағаларды белгілегені және ұстап тұрғаны үшін тергеп-тексеріп, олардан мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы 20,4 млн теңге айыппұл мемлекет пайдасына өндірілді.

Сол сияқты департамент кәсіпкерлік салада мемлекеттің қатысуын қысқарту бойынша шаралар жүргізді. Мемлекеттік ақпарат құралдары, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, спорт клубтары, стоматология саласы төңірегінде тиісті жұмыстар жүзеге асырылды. Бұл жұмыстар Қызылорда автобус паркі бойынша жүргізілді. Осының барлығы мемлекеттің бәсекелестік ортаға негізсіз араласуын жою мақсатында атқарылды.

Бұдан бөлек, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бәсекелестікті шектеуге бағытталған әрекеттері бойынша тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, заң бұзушылықтар анықталды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге бағытталған әрекеттері, кәсіпкерлік субъектілердің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттері және үстем немесе монополиялық жағдайды тәріс пайдалану белгілері бойынша департамент 18 хабарлама шығарып, барлығы заңмен белгіленген мерзімде толығымен орындалды.

Департамент бензин және дизель отыны бағасына күн сайын мониторинг жүргізуде. Сарапшылардың сөзінше, Қазақстандағы бензин бағасы әлемнің біраз елінен төмен. Мұндай төмен бағаны сақтап тұру елдегі жанаржағармайдың шекаралас елдерге белсенді тасымалданып, нәтижесінде елде тапшылық тудыруы мүмкін.

Қазір жыл басымен салыстырғанда облыстағы жанармай бекеттерінде бензин бағасы литріне 15-20 теңгеге дейін қымбаттаған және баға өсімі әлі де жалғасады деген болжам бар. Бензиннің қымбаттағаны еліміздің барлық өңірлерінде байқалады. Бағаның өсуіне себеп болған факторлардың бірі – еліміздегі бензин өндіруші үш ірі компанияның, атап айтқанда, «Петро-Қазақстан ОйлПродактс» ЖШС, Павлодар мұнай-химия және Атырау мұнай өңдеу зауыттарының кезек-кезеңімен жөндеу жұмыстарына тұруы.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес агенттік Бәсекелестікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба әзірлеп, Президент әкімшілігіне өткізді. Ұлттық жоба монополияға қарсы реттеудің жаңа кезеңін айқындайды. Жоба шешенде үш бағыт бойынша басымдыққа назар аударылады. Ұлттық жоба негізінде облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Бәсекелестікті дамыту жоспары жасалуда. Ол өңірлер экономикасының басым салаларында, оның ішінде тауар нарығында жаңа қатысушылардың пайда болуы үшін қажетті жағдай қалыптастырып, бәсекелестік деңгейін арттыруды көздейді.

Ерсін ОРЫНБАЕВ,
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі облыс бойынша департамент басшысы

ЖЕР-АНАНЫҢ ЖАНАШЫРЛАРЫ

– Өндіріс орындарының шығарынды көздеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы беріледі. Зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы, бекітілген нормалары болады. Шығарынды көздерден алынған нәтижені арнайы әдістемеге сәйкес талдаймыз. Ластағыш заттардың нормативтен асканы анықталса, сынақ хаттамасы толтырылып, мемлекеттік экологиялық бақылау бөліміне жолданады. Әрі қарай заңнамаға сәйкес шара қолданылады, – дейді ол.

Бөлім жұмысы – жер анаға жанашырлық. 2019 жылы облыс әкімдігі Экология департаментіне 10 құрал-жабдық жиынтығы бар жылжымалы экологиялық зертхана берді. DR-3900 НАСН, ПЭ-5400УФ спектрофотометрлері, МЭС-200А метеометрі, ОПТМА, «Полар ExT», Автотест-01, ГАНГ-4 газоанализаторлары, АНИОН-7051 портативті кондуктометр, ДКС-96 дозиметры-радиометр, МЕТА-01МП 0.2 Т бұл құрылғылар зертханалық бақылау жүргізуге жаңа серпіні берді.

– Зертхана аккредитация аумағын ауа бойынша күкіртсүтегі және көміртек оксиді, топырақ бойынша ауыр металдар – ванадий, стронцийге жаңа құрал-жабдықтарға сәйкес кеңейтті, – дейді В.Мұстаяпова.

Бұрын зертхана мамандары сараптама нәтижесін алу үшін көп уақыт жұмсайтын. Бүгінде жағдай мүлде басқаша. Мысалы, су көздерінен алынған сынаманың химиялық құрамы жаңа құрылғымен 10-15 минутта анықталады. Ал, ауаның ластану көрсеткішін анықтайтын құрал-жабдықтар зиянды заттардың шығарындыларын бақылау бір уақытта 7 түрлі газға дейін өлшейді. Сонымен қатар, экологиялық мониторинг үшін де өте қолайлы. Сынамалар қорытындысын электронды термапринтерде жедел шығарып береді.

– Облыстағы әрбір өндіріс орны қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау субъектісіне, объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізіміне сәйкес тексеріліп тұрады. Мысалы, биыл 509 үлгі алынып, 972 анықтау жүргізілді. Нормативтен асудың 21 дерегін анықтадық. Сонымен қатар, биыл бірінші тоқсанда 176 табиғат пайдаланушыдан өндірістік экологиялық бақы-

1-бет

БРИФИНГ

Қалада 10 санақ учаскесі ашылды

Биыл Ұлттық халық санағы екі кезең бойынша өтеді. Қазіргі таңда, «Қазақстан әркім маңызды!» атты девизі мен логотипі бекітілді. Ерекшелігі – электронды формат арқылы өткізілуінде.

– Санақ екі кезеңнен тұрады. Маусым айынан бірінші немесе дайындық кезеңі басталды. Мұнда тұрақты тұратындар санын нақтылай отырып, тұрғын үйлердің, ғимараттардың және тұрғын емес үй-жайлардың тізімін жасау, сондай-ақ әр елді мекен үшін картографиялық материал нақтыланады. Ал 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында екінші кезең тұрғындары жаппай халық санағынан өткізу жұмыстары жүргізіледі, – деді облыстық статистика департаментінің басшысы Мариян Бакеева.

Халық санағының 1 кезеңін өткізу мақсатында 42 нұсқаушы, 24 нұсқаушы-бақылаушы және 166 сұхбатшы уақытша жұмысқа қабылданып, оқытылды.

– Бүгінде Қызылорда қаласында 10 санақ учаскесі ашылып, мектептерден кабинеттер бөлінді. 1 кезеңдегі сұхбатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша облыстық ішкі істер департаментіне тиісті ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, санақ кезінде «1446» бірыңғай call-орталығы жұмыс жасайды. Бұл – елдің барлық аумағындағы мобильді және стационар телефондар үшін бірыңғай нөмір. Сондай-ақ, 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс жасайды. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін, – деді департамент басшысы.

Респонденттер кез келген арыз-сауалмен немесе кеңес алу үшін бюросың stat.gov.kz интернет-ресурсына, бюро басшысының блогына, сондай-ақ, әлеуметтік желілер арқылы (YouTube, Facebook, Instagram, Telegram) жүгіне алады.



лау есебі қабылданды. Бұл жұмыс жалғаса береді. Қоршаған ортаны қорғау – ең маңызды мәселенің бірі. Өндірімізде де қоршаған ортаның ластанбауы, бүлінбеуі заң жүзінде қорғалады. Сондықтан әрбір азамат, әрбір мекеме, өндіріс ошақтары табиғатқа зиян келтірмеуге, оны қорғауға міндетті, – дейді маман.

Облыста осы бағытта көптеген іргелі бағдарламалар арқылы табиғаттың үйлесімді түрде дамуына көп көңіл бөлінген. Бұл орайда мемлекеттік және қоғамдық іс шаралар жүйесі бар. Биыл аймақтың экологиялық мәселелерін кешенді шешудің жол картасы бекітілді. Жол картасы бірнеше бағыттан тұрады. Бүгінде зертхана мамандары полиция департаментімен бірлесіп, қала төңірегіндегі автокөліктердің экологиялық нормаларға сәйкестігін анықтау үшін рейд жүргізуде. Әсіресе, дизельмен жүретін ескі жүк көліктерінен зиянды газ көп бөлінеді.

– Автокөліктерден ауаға бөлінетін ластағыш заттардың нормалары белгіленген, осы белгіленген нормадан асу деректері өлшеу жұмыстары барысында негізінен ескі көліктерде жиі кездеседі, яғни, ол автокөліктің техникалық жарамдылығына байланысты. Полицейлер көлік иесіне қозғалтқышты жөндеп, сапалы жанармай құю жөнінде бір-жолғы ескерту жасайды. Ал егер экологтардың нұсқаулығына құлақ аспаса, келесі жолы айыппұл арқалатып жібереді, – дейді бөлім басшысы.

Осындай рейд кезінде бір күнде 38 автокөлік тексеріліп, оның ішінде 5 автокөлік нормативке сәйкес еместігі анықталған. ҚР

Облыста коронавирус инфекциясына қатысты эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова хабарлады.

Жағдай тұрақталғанмен, босаңсуға болмайды

Пандемия басталғалы өңірде 6622 жағдай тіркеліп, 4485 ошақ анықталған. 25 мамырдан бастап облыс эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «жасыл» аймақта. Осы ретте әлеуметтік-экономикалық нысандар және кәсіпкерлер өз жұмыстарын биылғы жылдың 15 мамырдағы №14 қаулыға сәйкес жүргізуде.

Дегенмен, босаңсуға негіз жоқ. Қатаң сақтық шаралары әлі де күшінде. Мониторингтік топтар карантин режимінің сақталуын бақылауда. Жыл басынан бері 167 мониторингтік топ рейттік шара кезінде 9190 нысанды тексерді. Нәтижесінде карантин талаптарын бұзған 302 жағдай анықталып, 21 млн теңгеден астам айыппұл салынды.

Облыста азаматтарға «Спутник V», «Наят Vax» және «QazVac» вакциналары салынууда. Иммунодау науқанына 19 екпе кабинеті, оның ішінде аудандарда 9 кабинет қарастырылды. Бұдан бөлек, 10 жылжымалы пункт қойылды. Кабинеттер арнайы талапқа сай, мұздатқыш жабдықтармен қамтылған. Науқанға 130-дан астам медицина маманы тартылды.

Департамент басшысы екпе салуда белсенділік танытып, ұжымдық иммунитет қалыптастырсақ, қалыпты өмірге қайта оралуға мүмкіндік артатынын айтып, тұрғындарды вакцина қабылдауға шақырды.

«СБ» ақпарат



Бәріміз де түрлі тауарлар мен қызметтерді тұтынып жатамыз. Біз – сатып алушымыз, пациенттіз, жолаушымыз, клиенттіз, оқырманбыз, демек тұтынушымыз. Әрбір адам сауатты, өркениетті тұтынушы болу, сондай-ақ тұтынушылық құқығы мен мүддесін қорғай алу үшін қажетті білімге ие болуы керек. Өкінішке қарай, еліміздің тұрғындары тауарларды сатып алу мен қызметтерді пайдалану барысында сапасыз тауарларға немесе сатушы мен қызмет көрсетуші тарапынан болатын жауапсыздыққа ұрынып жатады. Бұл – тұтынушы құқығы жні бұзылады деген сөз. Ал бізде тұтынушы құқығы қалай қорғалып жүр? Өз құқығымызды білеміз бе?

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Ежелден келетін үрдіс

Қай нәрсенің болсын, тарихына көз жүгірткен артықтық етпес. Ерте замандарда тұтынушылар құқығы қалай қорғалған екен? Ежелгі мемлекеттерде негізгі сауда жасау орны базарлар болғаны белгілі. Қытай, Вавилон, Көне Грек елі, Египет, Рим империясы елдеріндегі базарларда сатып алушының мүддесі сатушымен арадағы еркін саудада шешіліп тұрғанмен, белгілі дәстүрлермен және заңдармен қорғалатын болған. Барлық елдердің заңдарында азаматтардың мүддесі тұтынушы ретінде белгілі бір нормалармен қорғалған.


Ортағасырлық Еуропада да тұтынушылар мүддесіне жайбаракат қарамапты. Сонау XIV-XV ғасырлардың өзінде бірқатар елдердің базарларында мемлекет тарапынан тағайындалатын инспекторлар жұмыс істеді. Мәселен, Австрияда базарда сатылатын тауарлар сапасына бақылау жасалып тұрған. Сапасыз тауар босатқан саудагер жазасыз қалмайтын. Егер сатушының сапасыз сүт сатқаны анықталып қалса, сол сүтті тауысып ішіп қою міндеттелді. Бұзылған жұмыртқа сатқан адамға сол жұмыртқаларды лақтыратын болған. Ал тұтынушы наразылығы ең алғаш 1775 жылы Американың Массачусетс штатында тіркеліп, бұзылған тамақ сатқан адамды маскаралау бағанасына байлап қойды.

Алғашқы тұтынушылар қоғамы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. XIX ғасырдың 60-80 жылдары АҚШ мемлекетінде жүк және жолаушы тасымалы бағасын тым көтеріп жіберген теміржол компаниясына қарсы қозғалыстар болып, нәтижесінде мемлекет теміржол тарифін бақылауға алды. Өткен ғасырдың 60-80 жылдары көптеген мемлекеттер тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдарды бекітті. Тауардың маркировкасы болуы және арнайы қораптарға салынуы міндеттелді. Балалар ойыншықтарының қауіпсіздігіне аса мән берілді. Тауарлардың кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс болды. Қазір әлемнің көптеген мемлекеттеріндегі тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарының басын біріктірген халықаралық тұтынушылар одағы жұмыс істейді. Халықаралық одақтың орталығы Нидерланды мемлекетінде орналасқан.

Ал 15 наурыз – Дүниежүзілік тұтынушылардың құқығын қорғау күні болып белгіленген. Бұл мейрам АҚШ-тың бұрынғы президенті Джон Кеннедидің 1961 жылы 15 наурызда Конгресте тұтынушылардың құқы жайында сөйлеген сөзімен байланысты. Сол кезде АҚШ президенті тұтынушыларға адамдардың барлығының жататынын айтты, ақпарат алу, қауіпсіздік, таңдау және хабардар болу құқықтарын атап өткен еді. Кейіннен дүниежүзілік тұтынушылар құқығын қорғайтын ұйымдар бұл сөздерді өз манифестеріне айналдырды.

Адалдық міндеті

Тұтынушыға адал болуды барлық діндер міндеттейді. Оның ішінде ислам діні саудадағы адалдыққа айрықша мән берген. Таразы мен өлшемде әділ болуды бұйырады. Бұл хақында Құранда: «Өлшемде әділ болыңдар. Таразыдан жемендер» («Рахман») сүресі, 9-аят) деген жол бар. «Өлшеу, тартуда кеміткендерге неңдей өкініш! Олар қашан өлшен алса, толық өлшеп алады да, қашан олар, өлшеп немесе тартып беретін болса, кемітеді. Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Ол зор күн үшін, ол күні адамдар, бүкіл әлемнің Раббысының алдында тұрады. Олай емес. Негізінде бұзықтардың дәптері төменгі орында болады» дейді тағы. Демек, сауда-саттықта адалдықты ту еткен дұрыс. Алушының ақысын жеу ақырет танында азап отына күйіреді. Ислам діні белгілі бір та-



Өз құқығыңды білесің бе?

уарды немесе халық көп тұтынатын азықты базарға шығармай, құнының көтерілуін күтіп, кейін науканында сатуға тыйым салады. Адамзаттың ұстазы, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) мұндай істі құптамай, бұлай пайда тапқысы келгендердің күнәһар екенін айтады. Сонымен қатар тыйым салынған амалды жасау қаншалықты күнә болса, ішіп-жеуге тыйым салынған азықты да сату соншалықты күнә болмақ. Ол бір хадисінде: «Сенімді, дұрыс сауда жасаған кісі қиямет күні пайғамбарлар, турашылдар және шәһидтермен бірге болады» деген.

Ислам саудаға рұқсат берумен қатар, табыстың негізгі көзі екендігін де айтқан. Алла Елшісінің (с.ғ.с.) «Ырыстың оннан тоғызы сауда мен диканшылықта. Қалғаны мал асырап, бағып-байлап, сатуда» деуі де бекер емес. Бұдан сауда жасаудың маңызды кәсіп екенін аңғарамыз.

Сандық жүйеге көшті

Өткен жылы, яғни 2020 жылдың 25 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған заңмен 7 құқықтық актіге, оның ішінде 3 кодекс және 4 заңға өзгерістер енгізілді. Заң түзетулерінің топтама-сы БҰҰ-ның 2015 жылғы 22 желтоқсандағы тұтынушылар мүдделерін қорғау мәселелері бойынша мызғымас қағида-тарын негізінде қалыптасты.

Бұл заң ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 50-тармағын және Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. Ол тұтынушылар қоғамын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға, тұтынушылық дауларды сотқа дейін қарау мәселелерінде үкіметтік емес ұйымдарды институционалдық күшейтуге және белсенді тартуға, тұтынушы құқығын қорғауда үзкілетті органның ролін күшейтуге бағытталды.

Бұл заң шыққанға дейін елімізде тұтынушылар құқығы 2010 жылы шыққан заңмен, оған дейінгі кезеңде 1994 жылғы ҚР Азаматтық кодексі және бірқатар құқықтық-нормативтік актілермен қорғалып келді.

Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту тұтынушылар құқығын қорғау деңгейін көтерумен тікелей байланысты. Бұл өз деңгейінде жүзеге асырылып тұрса, кәсіпкерліктің дамуы-

на оң әсерін тигізеді. Ал бізде тұтынушылар құқығын қорғау әлсіз болып келгендіктен, заңға өзгерістер енгізуді уақыттың өзі талап етті.

– Енді бұл басты назарда болмақ. «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңның жаңа редакциясына сәйкес, заңды бұзғандар тауар өндірушілер болсын, сатушылар мен қызмет көрсетушілер болсын, әкім-

керек. Жүйеге тіркелген сатушы түскен өтініш туралы хабарлама алады, оны қарастырып, мәселені шешуге тырысады. Тұтынушылық дауды бірінші сатыда сыртқы тараптардың қатысуынсыз тікелей, сатушы мен тұтынушы арасында шешуге мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерлер үшін де, тұтынушылар үшін де әлдеқайда тиімді. Сонымен қатар, тұтынушылар мен сату-

проблемалық мәселелерді ба-тыл көтеріп жүр. Көп жайттың оң шешілуіне үлесін қосқанына куә болдық. Мәселен, қала тұрғындарының ауызсуға да-рияның суын пайдаланып келе жатқаны туралы кезінде мәселе көтерілгені белгілі. Сол кездегі облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхаммедпен болған бір кезде-суде дария суын пайдаланудан туындайтын зардаптарды тізіп айтып берген осы азамат. Бас-

қатар, енгізілген жаңа жүйенің әлі де болса өз деңгейінде жұмыс істемейтініне, оған жұмсалған миллиондаған қар-жының тиімділік әкелмей жат-қанына қынжылыс білдіреді. Хат жолдаушылар Тұты-нушылар құқығын қорғау бо-йынша арнайы агенттік құру қажеттігін дәлелдеп, соны-мен бірге осы салада жұмыс істеп жүрген ҰЕҰ-ларды қар-жыландыру мәселесін шешуді ұсынған.

Тұтынушылар құқығын қорғауда қоғамдық ұйым-дардың белсенді жұмыс жүр-гізе алатынын, олардың қоғамға қажеттігін облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің маман-дары да атап өтті. Біздің об-лыста 800 мыңдай халық бар. Олардың бәрі – тұтынушы. Ал тұтынушының құқығын қорғауға арналған департа-ментте басшысымен қосқанда барлығы үш-ақ адам бар. Бұл өте аз. Мемлекеттік мекемелер-де болатын қысқарту орын алса, оның кемінде біреуі жұмыстан кетіп, екі адам ғана қалатыны анық. Статистика бойынша Қазақстанда әдетте халықтың 1 проценті ғана тұтынушы ретінде шағымданады екен. Шамасы, осы жағдай ғана олар-ды құтқарып тұрған болар.

Тұтынушы, өз құқығыңды біл!

Облыстық тұтынушылар-дың құқығын қорғау депар-таментіне жүктелген міндет-тердің бірі – ақпарат беру және сауаттандыру. Бұл бағытта департамент мамандары түрлі шаралар ұйымдастырып келеді. Иә, халықтың тұтынушы ретінде өз құқықтарын білгені өте маңызды. Олай болса, бұл іске біз де өз үлесімізді қосайық.

Қазір дүние жүзі мемлекет-терінің заңдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Тұтынушы-лар құқығын қорғаудағы негізгі қағидаларды басшылыққа ала-ды. Ол қағидалар – тауардың қауіпсіздігі, ақпарат құқығы, тауарды таңдау құқығы, өз мүдденді жеткізе алу (шағы-мынды жеткізу) құқығы, негізгі қажеттіліктерінді қанағаттан-дыра алу, шығынның орнын жабу, тұтынушыларды сауат-тандыру, салауатты қоршаған орта.

Ал біздің елімізде тұтыну-шылардың заң бойынша төмендегідей құқықтары бар:

- 1) тауарларды (орында-латын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасу;
- 2) тұтынушылардың құ-қықтарын қорғау саласын-дағы ағарту және тұтыну-шының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәсе-лелерінде құқықтық сауат-тылығын арттыру;
- 3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындау-шы, орындаушы) туралы ақ-парат алу;
- 4) қауіпсіз тауарды (жұ-мысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу;
- 5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдау;
- 6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;
- 7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастан алу немесе қайтарып беру;
- 8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемші-ліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеу;
- 9) сатушыдан (дайындау-шыдан, орындаушыдан) тауар-ды сатып алу (жұмысты орын-дау, қызметті көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) кезінде жасалған шартты алу;
- 10) ұтыс түрінде беріл-ген (орындалған, көрсеті-тілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапа-сы бойынша ойындардың бас-тамашысына (ұйымдастыру-шысына) кіну қою;
- 11) тұтынушылардың қо-ғамдық бірлестіктерін құру;
- 12) моральдық зиянды өтеу;
- 13) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 14) осы Заңда және Қа-зақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыра алады.

Сауда мұраты – ұту. Өркениет көшіне ілескеніміз-бен, осы ұстанымды желеу-летіп, небір күйтұрқылдыққа баратындар қоғамымызда кез-деспей қалмайды. Сондайда ұтылып қалмас үшін әрқай-сымыз тұтынушы ретінде өз құқығымызды біліп, оны қорғай алатындай болуымыз керек.

шылар үшін осы жүйені пай-далану кезінде дауды шешу уақытын үнемдейді. Заңда белгіленген 10 күн ішінде жа-уап болмаған жағдайда, өтініш тиісті мемлекеттік органға заңға сәйкес қарау және шара-лар қабылдау үшін жолданады.

– Егер өтініш мемлекеттік мекемеге жіберілген жағдайда, цифрлық жүйе автоматты түрде бұл шағымды қай ме-кемеге жіберуі керек екенін анықтайды. Тұтынушыға адре-сат, өтінішті қарайтын тұлға және қарау нәтижелері белгілі болады. Кәсіпкерлер үшін бұл тауарлардың, қызметтердің және тұтынушыларға қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға себеп. Мемлекет үшін осын-дай шағымдарды қарау және өңдеудің бірыңғай жүйесі еліміздегі тұтынушылардың шағымдарының барлық түр-лерін жан-жақты талдауға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде жүйені жаңартуға және тұты-нушылардың құқықтық са-уаттылығын арттыруға кө-мектеседі, – дейді Ерқасым Жайбергенұлы.

Жалпы, департаментте 2020 жылы 209-дан аса өтініш-арыз қаралған. Оның 51-і жазбаша өтініш, 117-сі қауырт желі, 41-і ауызша өтініш ретінде түскен. Аталған өтініштерді заңға сәйкес қарау қорытындысымен 53 өтініш қанағаттандырылды, 132 өтініш түсіндіріліп, 24 өтініш басқа мемлекеттік органдарға жолданды. Нәти-жесінде тұтынушыларға барлығы 2,6 млн тенге қайтарылды. Мамандардың айтуынша, департаментке кел-іп түсетін арыздардың басым бөлігі бөлшек сауда, көлік қызметі, тұрғын үй-комму-налдық шаруашылық қызмет-теріне қатысты.

Тұтынушылардың құқық-тарын қорғаудың e-tutunushy.kz бірыңғай ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілгені есепті мерзімде департаментке бі-рыңғай ақпараттық жүйедегі кабинетке тұтынушылардан төрт өтініш келіп түскен. Жүр-гізілген жұмыстардың нәтиже-сінде үш тұтынушының өтініші қанағаттандырылды, бір өтініш түсіндірілді.

Қоғамдық ұйымдар көмегі қажет-ақ

– «Тауар қайтарылмайды немесе ауыстырылмайды» де-ген хабарламаларды кейбір сауда нүктелерінен көруге болады. Алайда, бұл хабарламалардың қаншалықты заңды күші бар екенін тұтынушы біле бермейді. Тауардың қай жерде, базарда, арзан немесе қымбат дүкенде сатылғанына қарамастан, Тұ-тынушы құқығын қорғайтын арнайы заңның барын естен шығармаған жөн, – дейді Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Тенізбаев.

Ол – осы салада көп жылдан бері белсенділігімен көзге түсіп жүрген азамат. Қоғамдағы

шы ауызсу скважиналарының құжаттарын дайындауға қаржы бөлу туралы тиісті сала басшы-ларына бірден пәрмен берді. Содан қозғау болған істің нәтижесімен қызылордалықтар бірнеше жылдан кейін жер қойнауынан алынатын таза су ішетін болды.

2004 жылдан бері өзі құрған қоғамдық ұйым арқылы мемлекеттік тапсырыс алып, тұтынушылар құқығын қор-ғаумен айналысып келді. Қазір бұл бағытта екі жылдан асты, мемлекеттен тапсырыс жоқ. Солай бола тұра күнделікті бес-он адамға тегін көмек көрсетіп келе жатқанын айтты. Шағымданған адамға депар-таментке, прокуратураға бол-маса монополияға қарсы де-партаментке не басқа да тиісті құрылымдарға бару жөнінде нақты кеңестерін беруде.

«Сатып алынған тауар қайтарылмайды немесе ауыс-тырылмайды» деген ескерт-пелердің заңсыз екенін айтқан қоғамдық ұйым өкілі тек дөрілік заттар, медициналық максаттағы бұйымдары, іш киімдер, шұлық-ұйық бұ-йымдары, жануарлар мен өсімдіктер, алтын бұйымдар, метрлеп сатылатын тауарлар ғана қайтарылмайтынын айтты. Ал жақында бұл тізімге смарт-фондар да енгізіліпті.

– Бірақ, смартфондардың бұл тізімге енгізілуі дұрыс емес деп есептейміз, – дейді С.Тенізбаев. Жалпы тұтынушы жоғарыда келтірілген тауар-лардан басқа сатып алған кез келген затынан не тауары-нан кемшілік тапса, көңілінен шықпаса, оны 14 күн ішінде сатушыға қайтаруға құқы бар екенін атап өтті. Бірақ, бұл да оңайлықпен жүзеге аса қоятын шаруа емес.

– Шағымданған тұтыну-шыға өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу оңайға соқпайды. Кей қызмет түрлерінің ортақ стандарттары және тәуелсіз сараптамалық орталық жоқ. Тұтынушы мен кәсіпкер арасындағы дау Азаматтық кодекске шеңберінде қаралады. Әдетте заң иерархиясында ко-декс заңнан биік тұрады. Сон-дайда тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі заң талапта-рынан кодекс баптарын үстем түседі. Бұл халықтың сапалы қызмет пен тауар тұтынуына кедергі болып отыр. Көп жағдайда шаршаған тұтынушы қолын бірақ сілтейді. Сон-дықтан Тұтынушы ко-дексін қабылдаған жөн, – дейді С.Тенізбаев. Жақын күндері Мемлекет басшысы-на республиканың барлық аймағындағы 30 үкіметтік емес ұйымның басын қосқан Қазақстанның Тұтынушылар ассоциациясы ашық хат жолдаған. Олар тәуелсіздікке ие болған 30 жыл ішінде тұтынушылар құқықтарын негізінен үкіметтік емес ұйымдардың қорғап келгенін атап өтіп, қазір бұл істі өз күштерімен жалғастырып жат-қанын жеткізген. Сонымен

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Өткен күнімізге көз тастап, ой елегінен өткізіп қарасақ, арыға бармай-ақ, тәуелсіздік алғаннан бері қарай 30 жыл ішінде елімізде толағай іс атқарылды. Тәуелсіздігімізді алдық, егемен ел болдық. Қаншама жылдар бойғы арманымызға жеттік.

Жаңарған Жаңақұрылыс

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген кемел ойы, сарабалд саясатының арқасында кеткеніміз келіп, кемтігіміз толып, шекарамызды бекемдеп, Қазақ деген ел бар екенін дүниежүзі таныды. Халық игілігі үшін қаншама заңдар қабылдап, түрлі форумдар өткізді. Осының арқасында еліміз тыныш, еңбегіміздің жемісін көрудеміз. Менің Қазалы ауданы орталығынан шалғайда орналасқан Жаңақұрылыс елді мекеннің 30 жыл ішіндегі тыныс-тіршілігі мен қол жеткен табыстарын тілге тиек етпекпін.

Ауыл тарихы

Жаңақұрылыс елді мекені 1992 жылы Қазалы ауданынан Арал ауданына өтіп, шөп дайындайтын совхоз болып құрылды. Нағыз қиын кез: зейнетақы, балалар жәрдемақысы, жұмысшылардың еңбекақысы 3-4 айлап берілмейтін. Сонда да ауыл тұрғындары еңсесін түсірмей, ата-бабасының туған жерінен көшпей еңбек етті. «Еңбек етсең, емерсің» деген. Егінін егіп, шөбін дайындап, аудан көлемінде алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болды. Жылдан-жылға халық саны көбейіп, әлеуметтік тұрмыс жағдайы жақсара бастады. Ауыл басшылары мен ақсақалдары бірлесе отырып, қиын кезеңдерден шықты. Елдің ауызбірлігінің арқасында халыққа қызмет жасайтын әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өтіп, жаңадан салына бастады.

Тарихты қашанда адамдар жасайды. Оның тірек тұтар тұлғасы да, иесі де – адам.

аукымды жұмыстар істелген. Атап айтқанда, әр үйге ауызсу кіргізілген.

2015 жылы екі қабатты жаңа мектеп бой көтерген. Жаңадан фельдшерлік-акушерлік пункт салынса, балабақша, клуб жөндеуден өткен. Ауыл тұрғындары үшін аса қажетті ветеринарлық пункт ашылды. Өткен жылдың желтоқсан айында ауыл тұрғындары көптен күткен ұялы байланыс желісі орнатылды. Ұйымшылдықтың арқасында 2019 жылы жаңадан «Өтеш ахун» мешіті салынды. Биыл мешіт жанынан 100 орындық асхана құрылысы жүріп жатыр. «Әлі разы болмай, тірі байымайды» дегендей Жеңістің 76 жылдығына орай соғыстан оралмағандарға «Тағзым» және «Жастар» алаңын салу жоспарланып отыр.

Бүгінде ең өзекті мәселе – автожол. Қашықты жақындататын да, жақынды қашықтатын да халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартатын да, кәсіпкерлікті дамытатын да жол ғой. Көптен бері күрмеуі толық шешілмей келе жатқан Жаңақұрылыс-Бекарыстан би аралығындағы 22 шақырым жол және Бекарыстан билден Жаңақұрылыс шекарасына дейінгі 13 шақырым Қазалы ауданына қарайтын жолдың да қаражаты шешілді. Аманшылық болса, биыл халық игілігіне беріледі деп отырмыз. Ауылдың саяси ахуалы тұрақты.

Білімділерді баптаған

Бала – біздің болашағымыз. Еліміздің тұтқасы сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін олардың ең бірінші ұстазы мығым, білім алатын мектеп заман талабына сай болуы



Осы №74 мектепте биология пәнінің мұғалімі Темірбек Сүйеубаев ауданаралық биология пәні олимпиадасында бас жүлде – жеңіл көлікті алды. Алдағы уақытта да мектебіміздің жарқын істері жалғаса береді деген сенімдеміз. Мектеп бітірген түлектер ауыл орталығына автобус аялдмасын салып, оның айналасына тал егіп, абаттандырса, «Өтеш ахун» мешітіне кілем сыйлап, жаңа темір есік салып, кейінгі жастарға үлгі болуда. Жақында ғана ауылдың кіреберісіне орнатылған «Туған өлкем – Жаңақұрылыс» деген жазу алыстан көз тартады. Әсіресе, түнге қарай жарық шамдары «менмұңдалап», ауылға көрік беріп тұрады. Ауыл жастарының берекелі істеріне ризашылық білдіреміз.

Кәсіп көзін тапқандар

Ауылдық округтің жалпы жер көлемі 25912 гектарды құрайды. Негізінен мал жайылымы мен шабындыққа бағытталған. Жеке тұрғындардың малы біршама көбейіп, шаруа қожалықтары құрылды. Жоғарыда айтқандай, Жаңақұрылыстың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысатын. Оны далада жайылған төрт түлікке қарап біле береміз. Мемлекет тарапынан да ауыл-шаруашылық саласын дамытуға, өз-өзін қамтамасыз еткісі келетіндерге, жұмыс орнын ашамаз деушілерге қолдау қарқынды жүргізілуде. Мал басы ірі кара 1512, қой 1175, ешкі 1384, жылқы 1633, түйе 20 басқа көбейді. Өндірістік кооператив тарағаннан кейін 11 шаруа қожалығы құрылған. Жылқы, ірі қара сатып алуға 6 кәсіпкер мемлекеттен ақша алып, әрқайсысы 2-3 адамды жұмыспен қамтып отыр. «Қожағұл ата» шаруа қожалығын құрған жас кәсіпкер Елнұр Елшекенов өз қаражатына 15 бас асылтұқымды сиыр сатып алып, қазір бірнеше басқа көбейтті. Жаңа мешітке 500 мың теңге

оны ауыл ішіндегі кезек күттірмейтін жұмыстарға пайдаланып келеді.

Ауыл тұрғындары толықтай электр энергиясымен қамтылып, 5 көше түнгі жарықпен қамтамасыз етілген. Бұл қыстың күндері мектепке баратын оқушылар үшін жақсы болды. Ата-аналардың, оқушылардың қуанышында шек жоқ. Әсіресе, жоғарыда айтқандай, ауылдың кіреберісіне ауыл жастарының бірлесуімен «Туған өлкем – Жаңақұрылыс» жазуы алыстан көз тартса, көшеге орналасқан әр бағанаға би-батырлар мен Ұлы Отан соғысына қатысқан, тыл ардагерлері, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген кәсіпкерлер, жастардың суреттерін орнатты. Жарық шамдары күндізгідей түнде де жарқырап, ауылға сән беріп тұр. Жарығың сөнбесің деген осы емес пе?! Өрине, түнгі жарық шығындарына аудандық бюджеттен 800 мың теңге бөлінген.

Тазалық табалдырықтан басталады. Жалпы ауыл тұрғындары күз, көктем айларында тазалық, көгалдандыру жұмыстарына белсене араласып, бір-біріне үлгі болуда. Аудандық бюджеттен бөлінген 200 мың теңгеге тұрмысы төмен отбасылардың күл-қоқысы шығарылып, оны төтетін шұқырлар қазылып, аяқсу жүретін арық тазалануда. Қазалы ауданына күнделікті, Арал ауданына аптасына 3 рет автобус қатынайды. Бұл да – кәсібіміздің кеңейіп, тұрмысымыздың жақсара түскенінің белгісі.

Жастар қоғамдық жұмыстарға тартылып, өздерін жан-жақты дамытуға және ауылдың көркеюіне атсалысуда. Спорт саласында жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді. Кір тасын көтеру, волейболдан үйірмелер ұйымдастырып, аудан, ауыларалық жарыстарда жеңімпаз атанып жүр. Әр жылғы мектеп бітірушілер ауылды көркейтуге жоғарыда айтылғандай, игі жұмыстарды



Сол қиын кезеңде жұмыстың алға басынуға тер төгіп, лайықты үлесін қосып, қиын кезеңнен шығарған сол кездегі кеңес директоры марқұм Құлымрза Тілеуов, ауылдық кеңес төрағасы Елшекен Қуанышбаевтың ерен еңбегін айтуымыз керек. Бұл азаматтар Жаңақұрылыс халқы үшін тарихи тұлға болып қала береді. Сәл шегініс жасап, Жаңақұрылыс халқы қандай жетістіктерге жеткенін, алдағы уақытта халық үшін қандай жұмыстар атқарылатынын айтайық.

Әкім не дейді?

Ауыл әкімі Биғали Абдраимовтың айтуынша, қазір бірлігі жарасқан ауылда 163 отбасы өмір сүруде. Мыңға жуық тұрғын бар. Осы уақытқа дейін бірқатар

керек. Ата-ана мен баланың көптен күткені жаңа оқу ошағы еді. Көптің тілегі қабыл болып, сол кездегі облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы бір сапарында Жаңақұрылысқа келіп, өз қолымен жаңа мектептің кірпішін қалады. 2015 жылдың жаңа оқу жылында мектептің ашылу салтанатына қатысып, лентасын қиды. «Жаңақұрылыстықтар, жаңа мектептеріңіз құтты болсын, балаларыңыз білімді болып, жылда мектеп бітірушілер ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, омырауларына алтын тақсын» деп батасын берді. «Батамен ел көгерер, жауынмен жер көгерер» деген. Тілек қабыл болып, сол жылдан бері жыл сайын мектеп бітіруші түлектер «Алтын белгі» алып келеді. Биыл 3 оқушы үміткер. Бұл да – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тарту деп білеміз.

қаржылай көмек, асхана төбесін шиферлеп беріп, көптің алғысына бөленді. Мұхтар Амангелдіұлы Соркөліді тоғандап, оны суландырып, бірнеше балық түрін өсірумен айналысып, жастарға үлгі болуда. Қайтарымсыз грант есебінен 2019 жылдан бері 7 адам қаржылай көмек алып, бірі монша салса, бірі құс, балық, мал шаруашылығын құрып, кәсіптерін дамытуда. Өрине, бұл ауылдағы жұмыссыздықты азайтты. Әр адам өзінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бет бұрған.

Ауылдың бүгінгі бейнесі

2018 жылдан бері жергілікті халықтан түсетін көлік, жер, мүлік салықтары жергілікті әкімшіліктің бюджетіне түсіп,

үрдіске айналдырды. Олардың жағымсыз әдеттерден, ішкіліктен аулақ болайық, салауатты ауылға айналайық деген бастамасына ардагерлер мен ауыл тұрғындары ризашылық білдіруде. Бұл кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалатынына сенімдіміз.

Өткенге көз тастап, ойлана қарасақ, бір ғана Жаңақұрылыс ауылында ел қуанығындай игі жұмыстар атқарылған. Алдағы уақытта балабақша мен клуб салу, Жаңақұрылыс-Бекарыстан би аралығындағы автожол, Ақбасты, Қаракөл көлдерін суландырып, шабындық пен жайылымдарды көбейту үшін Нұралы жармасына шлюз орнату, шаруа қожалықтарын көбейтіп, тұрақтандыру үшін «Қараарық» каналын тазарту жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде. Орайы келгенде айта кетейін, аудан әкімдігінің Жаңақұрылыс халқына жасап жатқан қамқорлығына ризашылық білдіреміз. Алдағы уақытта да игі істерінің жалғасуына ықпал жасайды деген сенімдеміз. Ауылдағы атқарылып жатқан игі істерді және ауылдың бірлігі мен тірлігін халыққа жария ету міндетім деп білемін.

Сердалы ШАЛБАЕВ,
КССРО Денсаулық
саласының үздігі,
Жаңақұрылыс ауылдық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы

Бір адал істің басын ұстап, қастерлей білген әулетті айтпақпыз бүгін. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өмірінің соңына дейін сол кәсіпті кие тұтқан еңбек адамы халық арасында қашанда сыйлы емес пе еді?! Елді көркейтетін еңбек екенін білетін біздің жұрт соны дәріптейді.

Sb Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Балға соғып, болат балқытқан



Қош, әкеден балаға ауысатын текті өнерді түлеткен отбасында болдық.

Жаңақорғандағы Қожакеңт ауылында тұратын Бегман-овтар әулеті ұсталық өнерді сан жылдардан бері ұлықтап келеді. Аталары ағаш әрі темір ұстасы болған олар бүгінгі техника сұранысына да бейімделген.

– Әкеміз Сейтмағанбет, атамыз Бегман да ұста болды. Сейтмағанбет әкем 1926 жылы туған. Бірақ сол кезде комсомолға өтем деп, жасын бір жылға кейінге жаздырғанға ұқсайды. Құжат бойынша 1925 жылғы деп көрсетіледі. Соғыс басталғанда екі жылдан соң 1943 жылы майданға аттанды. Соғыс бітіп, жеңіске жеткенмен, тағы 4 жыл Украинада қаланы қайта қалпына келтіруге қалдырылған. Елге 1950 жылы келген. Анымызбен бас қосып, жеті ұл, екі қыз өсірді, – дейді ұлдың үлкені Ермағанбет ақсақал.

Төрт кластық сауаты бар Сейтмағанбет әуелі колхоз басшылардың қағазын жазатын болған. Былайынша айтқанда, писарь қызметін атқарыпты. Жазуы қанық әрі түп-түзу болған деседі. Кейін кітапханашы, бригадир болып колхоз жұмысында да жүріпті.

– Бригадирлік уақытында аттан құлап, жамбасын сындырған. Әрі соғыста бұрыннан алған жарاقاتы бар еді. Осыдан кейін әкесі Бегманнан қалған ұсталық кәсібіне бет бұрады ғой. Жөк-жұтан кезде өмір сүрген Бегман атамиз халыққа ыдыс-аяқ шауып беріп, алғыс алған адам болған деседі. Ағаштан түйін түйген, қасық, тостақ істеп, жан-жағына тегін таратып отырған. Ашаршылықтың апанына жұтылып, онымен қоймай елді бастар аркалы азаматтар неше түрлі жалаға тартылған 30-жылдары біздің аталары да Өзбекстан жеріне бас сауғалап кеткен. Самарқанның «Қарсығұзар» деген аймағын 4-5 жыл қоныс етіп, қайта елге оралыпты. Жалпы біздің әулеттің елге қадірлі болуы ұсталықпен байланысты. Атамиз Бегман қожа қасық, тостақтан бастап кебеже-сандық, киіз үйге дейін қат бұйымдарды қолдан жасап, ағайынның қажетіне жарапты. Әкеміз Несіп өзі қайратты, қара сөзге де бермеген, сонымен қоса қолы ашық, дастарханды, кебеже толы сақталған таңсық асын көптен бөлісіп отырмаса, көңілі көншімейтін. Жомарттығын жұрт «Қара кемпір» атандырып кеткен, – дейді екінші ұл Шермағанбет.

1967 жылы қазіргі Қожакеңт совхоз болып құрыланды. XXIII партсъезд деп аталған жаңа жұртта Сейтмағанбет ұста болады. Шағын ұстаханада алғашқыда көрікпен жұмыс істейді. Кетпен, күрек соғып, тырманың ұшын шығару, соқаның түзін дұрыстау сияқты егістікке қатысты құралдарды дайындайды.

– Сол уақытта әкемнің мынадай бір қайырлы ісі бар еді. Осы Қожакеңтте үйленген жастар кейін бөлек отау болып шықса, оларды ұстаханаға шақырып алатын. Сөйтсе, дағы арнайылап істеп қойған бір шымшуыр, керней, құл шығарар қалақшасын қолына ұстатып жіберетін. Ол кезде қазіргідей газ жоқ, барлығы ошақ, самаурын пайдаланады ғой. Енші алған жастарды естиді де, олар сұрамаса да, дәл сол заттарды істеп беретін. Ал үлкен кісілерге пышақ соғатын. Сол заттардың бәрі ел ішінде әлі де кездеседі, – деді Ермағанбет ақсақал.

Қожакеңттің ағайынның

айтуынша, Сейтмағанбет атаның тағы бір қасиеті малдың қай түрі болмасын, сыртынан көріп, қанша келі ет беретінін айта білген. Ауылдағы той-томалақ не өлім-жітімде сойылатын ірі қараны ұста ғана бауыздайтын көрінеді. Оның малды жіліктеуіне, бөлген үлесіне ешкім шәк келтірмейтін болған. Бір ғана мысал, ұста 12 жілікті екі қолыменен бір-бір теңестіріп, орын-орнына бөліп қояды да, қалған еттің мүшелерін дайындап алып, «мынау мынаған», «анау анаған» деп әр жіліктің үстіне лақтыра береді екен. Ең соңынан бір жілік етті таразыға тартып көреді де, «салқанының бөрі де осы салмақпен шығады» деп бір-ақ айтады. Соңынан қызық көріп өлшеген жұрт салмағы бірдей 12 жілікке дау айта алмайтын болған. Шынында да, ойынның зеректігі, көзінң қырағылығы, қолының сезімталдығымен талайды таңғалдырған.

– Әкемізді ел Сейтмахан деп те атайтын. Қожакеңт ұстаханасында зейнетке шыққанға дейін істеді. Осы кездері бұрын Өзбекстан жерін паналап кеткен біраз ағайын қайта қоныс аударып келе бастады. Әкемнің бұл отбасыларға көмегі болсын деп бар керек-жарағын істеп, үлестіргені ойымда қалыпты. Бүгінгің өзынде сол заттар кей үйлерде көзіме оттай басылып, өткеннің ұрпаққа қалдырған еншісіндей көңілім толқитыны бар.

Ал анам Хадисаның дастархан басында айтып отыратын әңгімелері өзім немере сүйсем де әлі есімде. «Біреудің ала жібін аттамандар, «жаман әдетті бос ұстасаң, бой бермей кетеді» дейтін. Қанағатшылық туралы «Тыя жесе тай қалады, қоя жесе қой қалады, қоймай жесең нең қалады», ал отбасында туатын ұрыс-керіс туралы «екі қолды бір-біріне ұрсаң шапалақ болады, жалғыз қолдан дыбыс шыға ма, кінәні 4-5 жыл қоныс етіп, қайта деген ақылдары өмір бойғы әулеттің ұстанымына айналды. Қарапайым еңбек адамдары бола жүріп біз бойымызға нағыз ата-ана үлгісін алмай қалдық, – деп ағынан жарылды Шермағанбет аға.

Ұста Сейтмағанбеттен тараған ұл-қыз бүгінде өскен, өнген саялы бойтеректей. Жеті ұлдың қолынан іс келмейтіні жоқ. Ұста да, механик те, үйші де, кәсіпкер де. Жеңіл көлікті жөндеп, әдемі қақпа мен шарбақ соғатын да, үй шатырын жабатын шебер де осы әулетте бар. Шаруашылық құру, егін мен малды қатар өсіруде. Тіпті, төртінші буын саналатын Шермағанбет ағаның ұлы да елдегі үлкен жүк көліктерінің темір-терсегін жонып, ауыл шаруашылығы машиналарының кем-кетігін қалпына келтіріп жүр. Былайынша айтқанда, токарь. Темір жонып, болат балқытқан Сейтмағанбет ұстаның немересі ата жолын осылай жалғастырып өкеткен.

Өткенін бағалаған, жақсысын жағалаған, ерлерін ұлықтайтын һәм еңбегін ұмытпайтын әулет жайлы қысқашта осылай. Бүгінде Қожакеңтте «Сейтмағанбет ұста» бауы бар. Текті атадан тараған ұлдар жиналып, ауыл ортасына осындай әдемі бау отырғызып, сыртын қоршауға алыпты.

Адал еңбекпенен ауылына сыйлы қожакеңттік Бегмановтар еңбекті сүйе білді. Соның арқасында елге қадірлі. Ауыл емес, Жаңақорған жерінде ауыз толтырып айтарлықтай өзіндік салмағы бар үлкен әулет.

Жаңақорған ауданы





Біз сөз еткелі отырған Құлшара Ерлесқызы мамандығына адал әрі ғашық болған жан еді. Ол Кармакшы ауданы қазіргі Тұрмағанбет ауылында 1952 жылдың 28 ақпанында дүниеге келді. Ауылдағы 10 жылдық орта мектепті үздік бітірді. Бала күнінен дәрігер болуды армандаған ол алдына қойған мақсатына жету үшін білім жолын тандады.

Ақтобе мемлекеттік медициналық институтына түсті. Институт қабырғасында белсенді студенттің бірі атанды. Зерек, алғыр, талапты қыздың болашағына ұстаздары да сеніммен қарады. Институтты бітіріп жатқанда факультет деканы ұстаздық етуге ұсыныс жасады. Бірақ ол еңбек жолын дәрігерліктен бастағанды жөн санады. Жолдамамен Қызылорда облыстық ауруханасының терапия бөлімінде интернатурадан өтті. Кейін қалалық №1 емханада учаскелік дәрігер болып жұмысқа қабылданды. Дәрігерге артылар жүктің салмақты екенін ұғынып, өз-өзін дамыту үшін Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында терапия бойынша 4 ай, Ташкент мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында кардиология бойынша 6 айлық курс оқыды. 1984 жылы КСРО медициналық ғылымдар академиясының Бүкілодақтық кардиологиялық ғылыми орталығы ординатурасына түсіп, үздік бітірді.

Жолдамамен Алматыдағы Қазақ кардиология ҒЗИ клиникасында дәрігер-кардиолог қызметіне орналасты. Онда ғылыми жұмыстармен шұғылданауға мүмкіндік мол еді. Сол кездері экологиялық апат жағдайында тұрған Апат теңізі төңірегіндегі тұрғындардың арасында негізгі инфекциялық емес аурулардың таралуына қоршаған ортаның әсері жайлы ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысын профессор Айқан Ақановтың басшылығымен бастады. Өзіне артылған жүкті тиянақты атқара білген ол институттың кіші ғылыми қызметкерінен бастап, ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері дәрежесіне дейін көтерілді. «Арал аймағындағы тұрғындар арасында негізгі хроникалық инфекциялық емес аурулардың эпидемиологиясы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын да сәтті аяқтады.

1991 жылы жұбайы Нысаналы Алиев (химия ғылымдарының кандидаты, доцент) Түркістан қаласында жаңадан ашылған Халықаралық қазақ-түрік университетіне кафедра меңгерушісі қызметіне шақырылды. Сол кезден бастап Құлшара Ерлесқызы тың сала – ұстаздық еңбек жолына бет бұрды. Аталған университет құрамында медицина факультеті

Бала кезімізден дәрігер бейнесі қиялымызда, көз алдымызда ақ желеңді абзал жан, адам жанының арашашысы болып елестейтін. Бүгін де солай. Мамандығына ынты-шыынтысымен берілген, антына адалдықпен алғыс арқалаған дәрігерлер жетерлік. Олардың еңбегі құрметке лайық. Расында, медицина – жауапкершілігі мол, жүгі ауыр салалардың бірі. Кез келген адам біліктілік пен аса шыдамдылықты талап ететін жауапты мамандықты жоғары деңгейде меңгеру оңай емес екендігін мойындайды. Бұл саланың маньзыдылығы сол, дәрігердің жұмыс барысында қателесуіне болмайды. Сол себепті үнемі өзін-өзі жетілдіріп, ем жүргізудің барлық тәсілдерін жетік меңгеруі қажет. Осындай жауапты еңбекке бар ынта-жігерін, сүйіспеншілігін арнаған дәрігерлер аз емес.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

БЫІКТЕ ЖАРҚЫРАҒАН БЕКЗАТ БЕЙНЕ

терапия кафедрасының оқытушысы қызметіне ауысады. Ғылыми ортадан алшақ болуына байланысты дайын тұрған диссертациялық жұмысты аяқтап, қорғау мәселесі тағы да созыла түседі. 1995 жылы академик Төрегелді Шармановтың докторлық диссертациялық кеңесінің талаптарына сәйкес ғылыми еңбегіне айтарлықтай өзгерістер енгізіп, қайта өңдеді. Медицина саласының гигиена және ішкі аурулар мамандықтары бойынша қорғап шықты. 1996 жылы ҚР БҒМ жоғары аттестациялық комиссиясы диссертациясын бекітіп, медицина ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге қол жеткізеді. Сол жылы жұбайы Нысаналы Өжетбайұлы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің докторантурасын бітіріп, докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғаған соң, университетте профессорлық қызметке қалды. Осы жағдайға орай Құлшара Ерлесқызы Алматыға қайта оралып, Қазақ мемлекеттік медицина университеті клиникалық фармакология кафедрасының доценті қызметіне ораласады. Кафедрада қызмет істеп жүріп қазақ тобы студенттерінің ана тіліндегі оқулықтар жетістігінен қиыншылық көріп жүргенін байқап, кафедра меңгерушісі мен қазақ тілді оқытушыларды ұйымдастырып, клиникалық фармакологиядан тұңғыш рет қазақ тілінде оқулық жазды. Нәтижесінде 2000 жылы 3 томдық «Клиникалық фармакология» атты еңбегі жарық көрді.

Ғылыми зерттеулері кардиология және ішкі аурулармен байланысты болғандықтан, С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина уни-

верситеті (КММУ-дың жаңа атауы) I терапия кафедрасы доценті қызметіне ауысады. Бұл кафедраның орналасқан базасы кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында болғандықтан Құлшара Ерлесқызы өзінің бұрынғы үйренген ортасына қайта оралғандай болады. Ұстаздық еңбегін ғылыми жұмыстармен ұштастыра отырып, жоғары дәрежедегі мамандар даярлау мақсатында аспиранттар қабылдап, ғалымдар тәрбиелеуді қолға алды.



2001 жылы Құлшара Ерлесқызы кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ докторантурасына эндокринология мамандығы бойынша оқуға түсіп, ғылыми кеңесшісі Новосибирск лимфология ҒЗИ (Ресей) директоры, профессор, Ресей медицина ғылымдары академиясының академигі Ю.И.Бородин тағайындалды. Докторантурада өзінің диссертациялық жұмысымен шұғылдана жүріп аспиранттарының кандидаттық диссертациялық жұмыстарына жетекшілік жасады. Білікті ұстаз шәкірттерінің де жоғары жетістікке жеткенін қалады. Бір жағынан қолдау

білдіріп, демеді.

Үнемі жаңашылыққа ұмтылған жанның докторлық диссертациялық еңбегі аясында 50-ден астам ғылыми мақаласы, 20-дан астам баяндамасы, тезистері халықаралық және республикалық ғылыми, ғылыми-практикалық конференция, конгрестерде талқыланып, әріптестері оң бағасын берді. Диффузиялық ұятты зобпен, ұятты зобпен қосақтаса эндокринді офальмопатиямен ауыратын ауруларға дұрыс диагнозын қою және емдеу әдістеріне 10-нан

астам Қазақстанның патентін алды. Ол ұсынған ұятты зоб ауруларын емдеу әдістері осы күнге дейін Ресейде, Египетте, Кыргызстан елдерінде қолданыста.

Білікті маманың ұйымдастыруымен Алматыда және Новосібірде эндокринологтардың халықаралық конференциясы өтті. 2005 жылы «Жайылмалы ұятты зоб және эндокринді офальмопатияның кешенді емі» атты монографиясы жарық көреді. «Жайылмалы ұятты зобпен кардио және офальмопатия патогенезіндегі эндогид интоксикация мен микролимф ай-

налым бұзылысының кешенді емі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Докторлық диссертациясы ҚР БҒМ Ғылым комитеті жоғары аттестаттау комиссиясында бекітіліп, Құлшара Ерлесқызы медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иемденді.

Одан кейін ҚазҰМУ I терапия кафедрасына профессорлық қызметке ауысады. Бұл кафедраның базасы кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ болғандықтан осы институтта профессор болып эндокринологиялық ауруларға – қант диабеті мен ұятты зобпен бірге жүрек-қан тамыры ауруларына консультация жасап, талай науқастың айығып кетуіне себепкер болды. Талай сырқат жанның дертін дауа, еміне шипа таба білген білікті дәрігердің халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қосқан үлесі зор, ел алдындағы еңбегі өлшеусіз. Өз ісіне деген ұқыптылығы мен адалдығының арқасында беделі де арта түсті. Ол медицинадағы жаңа талаптарға сәйкес резиденттер мен PhD докторларын даярлау үшін кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да кафедраны ұйымдастырды. Осы кафедраның оқу бағдарламасын жасап, білікті ғылым кандидаттары мен докторларын резиденттер мен PhD докторларын даярлау ісіне жұмылдырады. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облысы практикалық дәрігерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында лекциялар оқып, мастер-кларстер өткізіп, арнайы курстар ұйымдастырды. Оның айналасында білікті доценттер мен профессорлар да болды.

Сонымен бірге төтенше

жағдайларда теледидар арқылы кеңес беретін кардиология мен ішкі аурулар ҒЗИ орталығының мүшесі ретінде аталған облыстардың шалғайдағы аудандары, елді мекендері дәрігерлері мен ауруларына нақты кеңестер беріп, талай науқастың дұрыс ем қабылдауына, сырқатынан жазылуына ықпал етті.

ҚазҰМУ-да өз саласы бойынша методикалық кеңестің төрағасы оқу бағдарламаларының заманауи талаптарға сай болуына үлкен үлес қосты. Соңғы жылдары үздіксіз мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы ретінде талай түлектің жоғары білім туралы диплом алуына жолдама береді. Ол 350-ден астам ғылыми, ғылыми-методикалық мақала, клиникалық фармакология оқулығы мен өз саласы бойынша монография жазды. Бұдан бөлек, 50-ден астам өнертабыстың авторы атанды.

Ол – ғұмырын ұстаздыққа арнаған жан. Медицина саласында маман даярлауда елеулі үлес қосты. Қай ортада еңбек етсе де, сыйлы болды. Оны айналдасы қарапайымдылық қасиеті үшін жоғары бағалады. Үлкенге құрмет көрсетуді, кішіге үлгі болуды шәкірттеріне үйретті. Жүрегі мейірімділік пен ізгілікке толы жанды әріптестері де құрмет тұтты. Отбасында ауялы жар, мейірбанды ана, ағайын-туыстың қамқоршы, жанашыры еді. Өз ісіне деген адалдығы мен еңбекқорлығының, әділдігінің арқасында айналдасына игі жақсыларды жинады. Досқа адал жанның күнделікті өмірде араласатын жора-жолдастары, дос-жарандары көп еді. Олармен бір үйдің баласындай араласып-құраласып өмір кешіп, керемет достықтың үлгісін көрсетті. Айналдасын мейіріміне бөлеген, жүрегі ізгілікке толы жанның жүзінен әрдайым нұры төгіліп тұратын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді қазақ. Ол артына өшпес із қалдырды. Ендігі жерде оның жарқын бейнесі жақындары мен бауырларының жүрегінде мәңгіге сақталары анық. Сағымға айналған абзал жанды әпкесі Бибіжамал мен сіңілісі Индира Ермахановалар сағынышымен еске алып, гиратты ғұмырын көпке үлгі етіп келеді. Бауырдың жөні бөлек қой, бақиға қимамғанмен, Алла ісіне не шара? Жұма сайын дұға бағыштап, пейіште нұры шалқысын деген тілектерін үзбейді. Адам өмірін, денсаулығын күту керек екенін үнемі ескертіп, сол жолда еңбек етіп жүрген Құлшара Ерлесқызы былтыр басталған коронавирус індетінің құрығына ілігіп, құрбанына айналды.

Ол жарық дүниемен мезгілсіз қоштаспағанда әлі де медицина саласының өркендеу жолында аянбай тер төге берер еді. Бірақ, амал нешік...

Онлайн оқу: Студенттерге қалай әсер етті?

Әлемді алаңдатқан пандемия салдарынан университеттердің оқыту жүйесінің өзгергеніне бір жылдан аса уақыт болды. Бұл мақалада студент ретінде бұл өзгерістердің бізге қалай әсер еткеніне тоқталсам деймін.

Білім ордасында офлайн оқу, яғни оқытушыларды жүзбе-жүз көру, тақырыпты бірлесіп талқылау, идея алмасу – студенттік шақтың ең керемет сәттерінің бірі. Маңызды іс-шараларға бару, қоғамдық жұмыстарға қатысудың орны бөлек еді. Университетке оқуға түсу арқылы жас буын жаңа ортаға бейімделеді, әрине, оның өзі қиындығы да бар. Дегенмен, офлайн оқудың пайдасы орасан.

Қашықтан оқу кезінде оқытушы мен студенттер түрлі кедергілерге тап болды. Өйткені қалалық жерден гөрі ауылдық аймақта тұратындар басымдық. Әсіресе студенттер интернеттің дұрыс болмауы, жарықтың жиі өшіп қалуынан онлайн түрде сабақ айтып, оны жіберуде қиналды. Кейбір студенттер үй тапсырмасын көшіріп жазуға, интернеттің жоқтығын сылтауратуға әдеттенді. Онлайн оқудың үлкен минусы бұл емес. Бастысы, ұзақ уақыт ноутбук пен ұялы телефонға тәуелді болу денсаулыққа едәуір әсерін тигізді.

Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғәріп екені белгілі. Сондықтан онлайн оқу қалыптасқан күйіне өзгертіп, жүйкеге салмақ салғаны рас. Бірақ бұл білімге ұмтылған, мықты маман боламын деген жастарға кедергі емес.

Жансәуле АБДУЛЛА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің II курс студенті

Өрендер өлке тарихымен танысты

Шиелі аудандық №150 қазақ орта мектебінің 6-сынып оқушылары мұражайларға саяхат жасады. Мұражай екі нәрте Социалистік еңбек ері, дала академигі Ыбырай Жақаев пен әнші, композитор Нартай Бекежанов атындағы музейлерде болды.

Әкесүрсияға жетекшілік еткен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айнұр Назарқызы балаларды мұражайға мерекеде ғана емес, тұрақты түрде апарып, өлке тарихымен таныстыру маңызды екенін айтады.

– Мұражай – өткеннің мол мұрасын насихаттап, бүгінге жеткізетін қасиетті орда. Келген қонақтарды қарсы алып, қызметкерлер тарихи жәдігерлердің тарихына тоқталып, шежіресін шертеді. Оқушыларға білім беру де тәрбиені де қатар ала жүру керек. Ең алдымен өз тарихын меңгеріп, аңызға айналған тұлғалар туралы білсе деймін, – дейді ол.

Балаларды тарихи жәдігерлермен танысқан соң ағын киіз үй ішіне топтала жиналып, естелік суретке түсті. Түрлі жәдігердің тарихына қанық болған оқушылар ұстазымен әсерін бөлісіп, ризашылықтарын білдірді.

Ердәулет ҚАЛИЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің I курс студенті

ЖОБА

Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша экономикалық сараптама жүргізу тәртібін айқындау туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Кодекстің 278-бабының 12-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша экономикалық сараптама жүргізу тәртібі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» және «Қызылорда облысының индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіптен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш.Тілешевке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Әбдіқалықова

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы «__» №__ қаулысына қосымша

Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша экономикалық сараптама жүргізу тәртібі

1. Осы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша экономикалық сараптама жүргізу тәртібі «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 12-тармағына сәйкес әзірленді және кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарт жобасына экономикалық сараптама (бұдан әрі-экономикалық сараптама) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Экономикалық сараптаманы бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті атқарушы орган құзыретті органынан (келісімшарт тарапы болып табылатын мем-

лекеттік органнан) құжаттардың толық топтамасы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізеді:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа келісімшарттың тарабы болып табылатын мемлекеттік орган бұйрығының көшірмелері;
2) Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 12 қазандағы №902 қаулысымен құрылған Қызылорда облысының кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссия отырысының хаттамасы;
3) өтініш іесі туралы мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелері;
4) сұралатын жер қойнауы учаскесінің аумағы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар: көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған учаскенің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, жер бетінің топографиялық картасы;
5) Кодекстің 216-бабына сәйкес әзірленген тау-кен жұмыстары жоспарының жобасы;
6) Кодекстің 217-бабына сәйкес әзірленген жою жоспарының жобасы;
7) өтініш іесі пайдалануға беруді сұрайтын жер қойнауы учаскесіндегі пайдалы қатты қазбалар ресурстарын және қорларын бағалау туралы есеп;
8) егер сұралатын жер қойнауы учаскесінің аумағы толық немесе ішінара елді мекендердің жерлеріне және оларға бір мың метр жерде іргелес жатқан аумаққа тиесілі болса, Кодекстің 25-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жергілікті халықты әлеуметтік-экономикалық қолдау туралы келісім;
9) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасының жобасы.

Экономикалық сараптама жүргізуге жіберілетін құжаттар электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ресми түрде ұсынылады.
3. Экономикалық сараптама мыналарды қамтиды:
1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобалар ережелерінің Қазақстан Республикасының Экономика және қаржы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;
2) келісімшарт талаптарының жұмыс бағдарламасының жобасына сәйкестігін, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссия отырысының қорытынды-
3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасына жүргізілген экономикалық сараптама нәтижелері бойынша қорытындыға уәкілетті адам қол қояды және ол электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы келісімшарт тарабы болып табылатын мемлекеттік органның атына жіберіледі.

дыларын бағалауды қамтиды;

3) бекітілген жобалау құжаттарына келісім-шарт жобасындағы жұмыстардың болжамды көлемінің және тиісті шығындардың экономикалық негізділігін бағалауды қамтиды;

4) жобаны іске асырудың әлеуметтік маңызын бағалауды қамтуға тиіс.

4. Экономикалық сараптама жүргізу нәтижелері сараптамалық қорытынды түрінде ресімделеді.

5. Келісімшарт жобасына қорытынды қамтуға тиіс:

1) жоба параметрлерінің қысқаша сипаттамасы (жер қойнауын пайдаланушы, келісімшарттық аумақ, жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың түрлері, күрделі шығындардың жоспарланған көлемі, болжамды жобалық қуат туралы мәліметтер);
2) ұсынылған құжаттардың тізбесі;
3) осы Тәртіпке сәйкес келісімшарт ережелеріне жүргізілген талдау мен бағалаудың қысқаша нәтижелері;
4) қорытындылар, ескертулер мен ұсынымдар.

6. Сараптамалық қорытындыда мынадай қорытындылардың бірі болуға тиіс:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасын оң бағалаумен келісу, өйткені қарау нәтижесінде жоба бойынша болжамды шығындар көлемінің негізділігі, оның параметрлерінің Қызылорда облысының кең таралған пайдалы қазбаларын барлауға және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының хаттамасына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі расталған;

2) қарау нәтижесі бойынша теріс қорытындының берілуі себепті жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасын келісуден бастарту. Сараптамада болжанатын шығындардың айтарлықтай ауытқулары (көтерілуі немесе төмендеуі), техникалық параметрлердің бұзылуы, жобалау құжаттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қағидатты түрде сәйкес келмеу және орын алған жағдайда келісімшарт жасасу орынсыз болатын басқа да кемшіліктер анықталды.

7. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасына жүргізілген экономикалық сараптама нәтижелері бойынша қорытындыға уәкілетті адам қол қояды және ол электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы келісімшарт тарабы болып табылатын мемлекеттік органның атына жіберіледі.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

01.05.2021 ж. жағдайы бойынша Қызылорда облысының қаржы нарығының жағдайы туралы

Тұтыну бағаларының индексі

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ақпаратына сәйкес 2021 жылдың сәуір айына республика бойынша инфляция 0,9%-ды (аймақ бойынша – 0,9%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 1,0%-ға (аймақ бойынша – 0,8%), азық-түлік емес тауарларға – 1,0%-ға (аймақ бойынша да – 1,2%) өсті, ал ақылы қызметтерге – 0,5%-ды (аймақ бойынша – 0,5%) құрады.

Жылдық инфляция 7,0% (аймақ бойынша – 6,9%). Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 9,8%-ға (аймақ бойынша – 9,7%), азық-түлік емес тауарларға – 6,4%-ға (аймақ бойынша – 5,8%) және ақылы қызметтерге – 4,1%-ға (аймақ бойынша – 4,5%) өсті.

Банк секторы

2021 жылдың 1 мамыр деңгейінде Қызылорда облысы аумағында 12 екінші деңгейлі банктің 11 филиалдары, 1 «Қазпошта» АҚ филиалы, 2 уәкілетті ұйым, 8 микроқаржы ұйымдары, 8 несие серіктестігі, 4 ломбард, 1 коллаторлық агенттігі қызмет атқарды.

Айырбас пункттердің жалпы саны 58, оның 42-і екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбас пункттері, 14 – «Қазпошта» АҚ айырбас пункттері және 2 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері.

Банктегі депозиттер

2021 жылдың 1 мамыр деңгейінде облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,6%-ға өсіп, 161,8 млрд теңгені құрады. Занды тұлғалардың салымдары 29,3 млрд теңгені (+7,2%) құрады. Жеке тұлғалардың салымдары 20,2%-ға дейін өсіп, 132,5 млрд теңгені құрады.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 31,1%-ға өсіп, 121,1 млрд теңгені құраса, шетел валютасында 9,9%-ға төмендеп, 40,7 млрд теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі 74,9%, шетел валютасындағы үлесі 25,1%.

2021 жылдың сәуір айында ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшері 6,9% (2020 ж. сәуір айында 7,4%), ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша – 1,0% (2020 ж. сәуір айында 1,1%) құрады.

Талап ету мен қысқа мерзімді салымдар 82,9 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіш сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,2%-ға төмендеді. Ұзақ мерзімді депозиттер бойынша өсім 36,1%-ды құрап, 78,9 млрд теңгеге тең болды.

Банктердің экономикаға несесі

2021 жылдың 1 мамыр деңгейіне банктердің экономика несиеlese көлемі 300,1 млрд теңгені құрады (2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,7%-ға өскен).

Жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі 17,4%-ға артып, 239,5 млрд теңгені құрады, занды тұлғалардың несиелері 9,6%-ға, 60,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Қысқамерзімді несиелердің көлемі сәйкес кезеңмен салыстырғанда 12,7%-ға өсіп, 18,9 млрд теңгеге тең болды, ұзақ мерзімді несиелердің көлемі 15,9%-ға артып, 281,2 млрд теңгеге дейін өсті.

Ұлттық валютадағы негізгі қарыз өткен жылмен салыстырғанда 14,3%-ға өсіп, 271,4 млрд теңгені құрады. Шетел валютасында да 30,4%-ға өсімді атап өтуге болады. Шетел валютасындағы берешек 28,7 млрд теңгені құрады. Ұлттық валютадағы үлесі – 90,4%, шетел валютасындағы үлесі – 9,6%.

Берешектің салалық құрылымы мынадай: Ауыл шаруашылығы 1,4 млрд теңгені құрайды (өсім 2,9%-ға), өнеркәсіп – 7,8 млрд теңге (өсім 31,8%-ға), құрылыс – 8,2 млрд теңге (5,1%-ға төмендеді), сауда – 19,1 млрд теңге 26,9%-ға өсті, көлік және қоймалау – 4,1 млрд теңге (+8,5%), ақпарат және байланыс – 0,4 млрд теңге (өсім 28,8%), басқа да өндірістік емес салалар – 53,5 млрд теңге (18,8%-ға өсті).

Кіші кәсіпкерлікке берілген несиелер бойынша нақты қарыз 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 23,3%-ға өсіп, 35,3 млрд теңгені құрады, жалпы қарыздан үлес салмағы – 11,7%-ды құрады, ал 2020 жылы үлес салмағы – 11,0% құрады.

Тұтынушылық мақсатына берілген несиелер көлемі 176,5 млрд теңге, жалпы қарыздан үлес салмағы – 58,8%-ды құрап (2020 жылдың сәуірінде жалпы қарыздан үлес салмағы – 61,2% құрады), өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,1%-ға өскен.

Ипотечалық несиелердің негізгі қарызы 36,1 млрд теңге, жалпы қарыздан үлес салмағы – 12,0%-ды құрап (2020 жылдың сәуір айында үлес салмағы – 9,8%), өсімі 42,5%.

Несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 9,7 млрд теңгені немесе негізгі қарыздың 3,2%-ы. Оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек сомасы 9,6 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,6%-ға төмендеген.

2021 жылдың сәуірайында берілген несиелер бойынша орташа сыйақы мөлшері 17,4%-ды (2020 жылдың сәуірінде – 13,6%), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несие бойынша 17,7%-ды (12,1%) құрады.

Қолма-қол шетел валютасының нарығы

2021 жылдың қаңтар-сәуір айларында айырбастау пункттері 32,3 млн АҚШ долларын сатып, 22,7 млн АҚШ долларын сатып алды. 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда АҚШ долларын сату бойынша белсенділік 18,2%-ға азайып, ал АҚШ долларын сатып алу көлемі 10,9%-ға өскені байқалды.

АҚШ долларын сатудың сатып алудың орташа бағамы 2021 жылдың қаңтар-сәуірінде АҚШ доллары үшін 424,95/421,61 теңгені құрады (2020 жылдың сәйкес кезеңінде – 412,85/400,06 теңге).

2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еуроны сату көлемі 12,6%-ға (2,3 млн еуроға дейін) өсіп, ал сатып алу көлемі 4,0%-ға (0,72 млн еуроға дейін) төмендеген. Еуроны сатудың/сатып алудың орташа бағамы еуро үшін 510,41/505,98 теңгені құрады (2020 жылдың осы кезеңінде – 440,31/441,61 теңге).

Ресей рублін сату бойынша операциялар көлемі 81,8%-ға (318,5 млн рубльге дейін) өсіп, сатып алу көлемі 47,8%-ға (170,7 млн рубльге дейін) азайды. Рубльдің сату/сатып алудың орташа бағамы 5,69/5,56 теңгені құрады (2020 жылдың ұқсас кезеңінде – 5,95/5,72 теңге).

Қытай юаньдарын сату көлемі 15,7%-ға (27,2 мың юань дейін) өсіп, сатып алу көлемі 94,5%-ға (3,4 мың юань дейін) төмендеген. Юань сату/сатып алуын орташа бағамы 67,13/44,87 теңгені құрады (2020 жылдың осы кезеңінде – 59,01/52,15 теңге).

Төлем карточкалары

2021 жылдың 1 сәуір деңгейіне Қызылорда облысында төлем карточкаларын ұстаушылар саны 1 322 мың адамды құрап, ал айналымға шығарылған төлем карточкалары 1,4 есе өсіп, саны 1 711,0 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкаларына қызмет көр-

сету инфрақұрылымы жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны – 6 220,0 бірлік, банкоматтар – 429,0 бірлік, кәсіпкерлердің саны – 2 782,0. Төлем жүргізу үшін карточкамен қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 4 389,0 артты.

2021 жылдың қаңтар – наурыз айлары бойынша төлем карточкаларын қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 269,9 млрд теңге сомасына 27 317,5 мың транзакцияны құрады. Қызылорда облысы аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма-қол ақша беру операциялары 2 442,3 мыңға жетіп, жалпы сомасы 131,1 млрд теңгені құрады.

Кәсіпорын мониторингісі

Экономиканың нақты секторының мүдделерін ескеретін тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне экономикалық конъюнктураның өзгеруі және құрылым құраушы салалардың қаржылық жай-күйі туралы тәуелсіз және объективті ақпарат қажет. Бұл ақпаратты Ұлттық Банк экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарға мониторинг шеңберінде сауалнама жүргізу арқылы алады. Сауалнама көрсеткіштердің өзгеруінің тәуелсіз бағаларын алуды және бастапқы кезеңде тұтастай алғанда нақты секторда және оның белгілі бір салаларында теріс процестердің өсуі туралы сигнал беретін озыңқы индикаторларды анықтауды қамтамасыз етеді.

2021 жылғы 1 тоқсандағы экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторинг нәтижелерін талдау

Сәуір айында экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың мониторингінде 213 кәсіпорын қатысты, олардың 128-і экономиканың ірі және орта кәсіпорындары.

Кәсіпорындардың сауалнамаларының нәтижелері бойынша 2021 жылдың 1 тоқсанында дайын өнімге сұраныстың өсу қарқыны төмендеді. Кәсіпорындардың болжамдары бойынша 2021 жылдың 2 тоқсанында дайын өнімге сұраныс артады. 2021 жылдың 1 тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың дайын өнімдеріне бағаның өсу қарқыны айтарлықтай өсті, ал 2021 жылдың 2 тоқсанында аздап төмендейді.

2021 жылғы 1-тоқсанда сауалнамаға қатысушы кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі төмендеді: негізгі (31,0%-ға дейін) және айналым қаражатын (6,6%-ға дейін) қаржыландыруды жүзеге асырмаған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды, негізгі қаражатты өз қаражаты есебінен қаржыландырган кәсіпорындардың үлесі (38,0%-ға дейін) азайды.

2021 жылғы 1 тоқсандағы сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпорындардың 37,1% үшін Қазақстан экономикасының жай-күйі бизнес жүргізуге кедергі болып табылады. Кәсіпорындардың 12,2%-да дебиторлық берешекті қайтару проблемалары бар. Жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың сатудың орташа рентабельділігі артты (35,6%-ға дейін), өңдеу өнеркәсібінде өсті (32,4%-дан 35,5%-ға дейін). Өндіруші өнеркәсіпте де 41,2%-дан 47,1%-ға дейін өсім байқалады. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, қаржы жылының аяқталуына қатысты сұралған кәсіпорындардың 33,3%-ы жылды пайдамен аяқтауды жоспарлап отыр, 8,0%-ы жыл шығынмен аяқталады деп есептейді.

Толық мәліметтерді төмендегі телефондар бойынша алуға болады: +7(724) 255 15 22, +7(724) 255 15 23, e-mail: kuz_80@nationalbank.kz

Әбдірауық САТЫБАЛДИЕВ

Сыр елі ауыр қазаға ұшырады.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Әбдірауық Сатыбалдиев дүниеден озды.

Әбдірауық Сатыбалдиев 1925 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

1943 жылы қаңтар айында Саратов қаласындағы командирлер дайындайтын 3 айлық курсқа қабылданады. Сержант шенін алып шыққаннан кейін, 361-дивизия құрамында Ленинград қаласын блокададан шығару соғысына қатысқан.

Соғыстан кейін Мәскеу университетінің статистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, экономист мамандығын алады. 37 жыл Қармақшы аудандық статистика басқармасын басқарды.

Ақжарқын, әрдайым жүзінен күлкі, жүрегінен мейірім кетпеген Әбдірауық ағамыз қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, 1



және II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

Ұзақ жылдар бойы жауапты салада еңбек етіп, қатарлас азаматтарға құрметті де сыйлы болды. Әбдірауық ағаның осы саладағы еңбегі еленіп, КСРО Статистика үздігі, Қармақшы ауданының құрметті азаматы атақтарын алды.

Жайдары мінезді, дархан пейілді, ортасына сыйлы болған ардагердің асыл бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Әбдірауық ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық және Ардагерлер кеңесі

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Қауіпсіздікті сақтамау айыппұл арқалатады

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті саяжай иелерін сақтық шараларын сақтауға шақырады. Себебі өрттен ешкім сақтандырылмаған. Ең алдымен, учаскеге өрт сөндіру машинасы кіре алатынына назар аудару қажет. Саяжай көшелеріндегі кеңістік өте тар. Өрт сөндіру машинасы қандай да бір саяжай қоғамының аумағына кірпін, одан кейін шыға алмайды. Учаскелердегі қоршаулар қоршаулар кедергі келтіреді.

Бау-бақша учаскелерінің және саяжай иелерінде су толы бөшкелер, екі шелек, мүмкіндігінше өрт сөндіргіш, сондай-ақ шанштық құралдар болуы тиіс. Тұрмыстық және газ құралдарын, пештерді жарамды күйде ұстау, оларды пайдалану кезінде сақтық шараларын ұстану қажет.

Учаскелерде қоқыстан, жапырақтардан, құрғақ шөптерден уақытылы тазартуды қамтамасыз етуге міндетті. Уақытша құрылыстар басқа ғимараттар мен құрылыстардан бір учаске шегінде кемінде 15 метр қашықтықта орналасуы тиіс. Ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр жақын жерге қалдықтарды жағуға, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газы бар баллондарды сақтауға жол берілмейді.

Айта кету керек, жоғарыда аталған нормалар мен ережелерді сақтамағаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте көзделген әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау, жинау қағидаларын



бұзу, көрсетілген қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау ескерту немесе жеке тұлғаларға үш, лауазымды адамдарға жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасы

Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Түзқол»МұнайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-38) «Батыс Түзқол» кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№175, 178 ұңғымалардан 4” аралық кұбырлар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және интернет-сайтындағы электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

Хабарландыру

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Нұсқаулықтың...» 53-тармағына сәйкес «Құмқол Ойл» ЖШС «Қазақстан Республикасының Қарағанды және Қызылорда облыстарында орналасқан Құмқол маңындағы учаскедегі барлау жұмыстарының қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау (ҚОӘБ дейін)» жобасы бойынша сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Қарағанды және Қызылорда облыстарында орналасқан Құмқол маңындағы учаскедегі барлау салдарын жою жобасына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» жобасы бойынша жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау мен жинау арқылы қоғамдық пікірге есеп/сауалнама тіркеу үшін жүргізеді. Барлық мүдделі азаматтар төмендегі электрондық пошта мекен-жайымен танысып, хабарласа алады. Жазбаша Ұсыныстар мен ескертулер топтамасы мына мекен-жай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Төле би қ., 25 үй және geosciences@gmail.com электрондық пошта арқылы. Анықтама үшін байланыс телефоны: 87088001034.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Бақұл бол, ардақты ұстаз



Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «Биология, химия және ауыл шаруашылық негіздері» мамандығы бойынша бітірген. 1962-1970 жылдары мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастаған. 1970 жылдан университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін абыройлы атқарып, 2015 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Университетте қызмет атқарған жылдары Мектеп педагогикасы, Қазақстандағы педагогика ғылымы, Педагогиканың ғылыми зерттеу әдістері, Этнопедагогика пәндерінен дәріс берді.

Ардақты ұстаз Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі атағын иеленіп, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылым-адамзатқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Магистранттарды Қазақстандағы білім беру жүйесінің негіздерін, педагогикалық іденістің әдістерін пайдалана білуге үйрету, студенттерге ұлтымыздың этнопедагогикалық білімдерін оқыту үдерісінде пайдаланудың ғылыми-педагогикалық жақтарын білуге бейімдеу бағытында ғылыми жұмыстар жүргізген.

Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ардақты ұстаздың дүниеден озуына байланысты оның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосып білдіреміз. Жұматай Ілесбайұлының жарқын бейнесі шәкірттері мен ұжымдас достарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ұжымы

Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДӘ**